ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ
«Компьютерлік технологиялар» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
ф.-м.ғ.д., проф. З.Қ. Құралбаев

_____«____»_____**2014 ж.**
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына басып кірулерді бақылау жүйесін орындау»

5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша

Орындаған: ВТк-10-1 Амангельдиева К.Ж.

Жетекші: ф.-м.ғ.к., проф. Құралбаев З.Қ.

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :
доцент Боканова Г.Ш.
_____«09»_____ 2014 ж.
(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
т.ғ.к., аға оқытушы Муташева Г.С.
_____«09»_____ 2014 ж.
(қолы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :
ф.-м.ғ.к., проф. Құралбаев З.Қ.
_____«____»_____ 2014 ж.
(қолы)

Мөлшер бақылаушы:
аға оқытушы Ержан А.А.
_____«____»_____ 2014 ж.
(қолы)

Пікір жазушы :
АТУ, т.ғ.д., проф. Заурбеков Н.С.

_____«____»_____ 2014 ж.
(қолы)

Алматы 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

«Ақпараттық технологиялар» факультеті
«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы
«Компьютерлік технологиялар» кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Амангельдиева Карлыгаш Жинисбеккызы

Жоба тақырыбы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына басып кірулерді бақылау жүйесін орындау
Ректордың «___» _____№____ бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «____»_____2014 ж.

Жобаға қажетті алғашқы мәліметтер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері) және нысананың бастапқы деректері:

Қазақтелеком акционерлік қоғам үшін Cisco Systems құрылғысын қолданып корпоротивтік желіге басып кіру жүйесінін құру.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

– Техникалық тапсыма.
– қауіптілікті уақытылы анықтау, аумағын анықтау және жою;
– қауіптілікті анықтайтын механизмдерін жасап шығару және қауіптілікке әсер етуді анықтау;
– көптеген қауіптерге қарсы әрекет етуі, әдістері мен шаралары;
– себептер мен шарттарын анықтау;
– қолданылатын қорғаныс шараларының тиімділігі мен жеткіліктілігін бақылау;
– мәліметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тор аралық экран пайдаланылатын болады, себебі осы аппараттық кешен мәліметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мақсаттар мен тапсырмалардың орындалуын толығымен қамтамасыз ете алады.

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Лукацкий А. Обнаружение Атак. – СПб.: БХВ – Санкт - Петербург, 2003.

2. 2005 CSI/FBI Computer Crime and Security Survey. Spring 2005. Computer Security Institute. Federal Bureau Investigation's ComputerIntrusion Squad.

3. Курушин В. Д., Минаев В. А. Компьютерные преступления и информационная безопасность. Справочник. М.: Новый Юрист, 1998.

4. Лукацкий А. В. Анатомия распределенной атаки. PCWeek/RE, № 5, 2000.

5. Концепция информационной безопасности корпоративной сети Акционерного общества «Казахтелеком». Проект, 2006.

6. Олифер В., Олифер Н. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы. – СПб: Издательский дом «Питер», 2005. – 864 с.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлім	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	Құралбаев З.Қ.		
Тіршілік қауіпсіздігі	Муташева Г.С.		
Экономикалық бөлім	Боканова Г.Ш.		
Норма бақылаушы	Ержан А.А.		
Есептеу техникасын қолдану	Құралбаев З.Қ.		

диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Техникалық тапсырма		
2	қауіптілікті уақытылы анықтау, аумағын анықтау және жою;		
3	қауіптілікті анықтайтын механизмдерін жасап шығару және қауіптілікке әсер етуді анықтау		
4	көптеген қауіптерге қарсы әрекет етуі, әдістері мен шаралары;		

Тапсырманың берілген уақыты «_____»_____2014ж.

Кафедра меңгерушісі _____ ф.-м.ғ.д., проф. Құралбаев З.Қ.
(қолы)

Жоба жетекшісі _____ ф.-м.ғ.д., проф. Құралбаев З.Қ.
(қолы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Амангельдиева Қ.Ж.
(қолы)

Аннотация

В данном дипломном проекте рассматривается вход в систему корпоративной сети АО «Қазақтелеком» с применением оборудование Cisco Systems. Цель данного проекта – провести обзор угрозбезопасности корпоративной сети, анализировать систему безопасности корпоративной сети, обосновать выбор системы обнаружения атак –модуль межсетевого экрана для Cisco Catalyst 6500 Series, обосновать выбор системы позволяющую обеспечить эффективную маршрутизцию, защиту трафика данных, голоса, видео – модуль Cisco NME-RVPN для маршрутизаторов семейств Cisco 2800 Seriesи 3800 SeriesIntegratedServicesRouters.

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы үшін Cisco Systems құрылғысын қолданып корпоративтік желіге басып кіру жүйесіне құру қарастырылады.Жобаның басты мақсаты – «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы корпоративті желіде жүретін ақпарат алмасуға сырттан рұқсатсыз қолжеткізуді, нақтырақ айтсақ желіге жасалатын шабуылдардың алдын алу. Желіаралық бейне беттің модулыі Cisco Catalyst 6500 Series шабуылды анықтау жүйесін таңдауын түсіндіру,әсерлі бағыттаушымен қамтамасыз етудің, мәліметтер трафигінің қорғанысын, дауыстың, бейнебаян – модуль Cisco NME-RVPN, бағыттаушылар Cisco 2800 Series және 3800 Series Integrated Services Routers жүйесін таңдауын түсіндіру.

Annotation

In this diploma project the included in the system of corporate network of propulsion MODULE of "Қазақтелеком" is examined with application equipment of Cisco Systems. Aim of this project - to conduct the review of threats of safety to the corporate network, analyse the system of safety of corporate network, ground the choice of the system of finding out attacks is the module between a network screen for Cisco Catalyst 6500 Series, to ground the choice of the system allowing to provide effective маршрутизцию, defence of traffic of data, voice, video is the module of Cisco NME - RVPN for the routers of families of Cisco 2800 Series and 3800 SeriesIntegratedServicesRouters.

Мазмұны

1.Корпоративтік желілердің қауіпсіздігінен төнген қаупі**.**

1.1Басып кіру ұғымы

1.1.1Шабуыл үлгілері

1.1.2 Шабуылдарды іске асыру кезеңдері.

1.1.3 Шабуылдар нәтижесі.

1.2Корпоративтік тордың ерекшеліктері

1.3 Корпоративтік тордың мәліметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары мен тапсырмалары

2 Корпоративтік тордың қауіпсіздік жүйесі.

2.1 Корпоративтік тордың жалпы құрылымы.

2.2 Мәліметтік қауіпсіздікке қауіптер

2.2.1 Қауіптер көздері

2.2.2 Қауіптер моделі

2.3 Басып алушылықтарды бақылау жүйесінің құрылымы

2.3.1 Шабуылдарды анықтау технологисы

2.3.2 Шабуылдарды анықтау әдістері

2.3.3 Кәсіби жүйелер

2.3.4 Шабуылдарды анықтау

3 Басып алуларды бақылау жүйелерін іске асыру

3.1 Техникалық шешімді таңдау

3.2 CiscoCatalyst 6500 Series үшін тор аралық экранының сервистік модулін таңдауды негіздеу

3.2.1 Cisco Catalyst 6500 Series үшін FWSM модулінің артықшылықтары

3.3 Cisco 2800 Series және 3800 SeriesIntegratedServicesRouters мршрутизаторлар жанұясы үшін сервистік модуль CiscoNME-RVPN-ны таңдауды негіздеу.

3.3.1 NME-RVPN модуль артықшылықтары

3.4 NME-RVPN модульдың архитектурасы

3.5 Өнімнің техникалық сипаттамасы

3.6 Функциялық мүмкіндіктері

3.7 Сертификаттау мен мемлекеттік реттеу

3.8 Жүйелік талаптар

3.9 Қауіпсіздік политикасы

3.9.1.Қорғаныс стратегиясын таңдау

3.9.2 Торлық сенсорлардың қауіпсіздік политикасын орнату.

3.10 Тордың пайдалы өтімділік қабілетін есептеу

4 Тіршілік қауіпсіздігі

4.1 Еңбек жағдайын талдау

4.2Кондиционерлеу және ауаны жаңарту жүйелерін есептеу

4.2.1 Температура айырымы нәтижесінде алынатын жылу және

жылу жоғалту

4.2.2Шынылау арқылы күннің сәулеленуінен келетін жылу

4.2.3Адамдардан келетін жылу

4.2.4 Жарықтану аспаптарынан, оргтехникадан және құрылғылардан келетін жылу

4.2.5Ауа алмасуды есептеу

Кіріспе

Ақпараттық жүйелер қорғалған болуы тиіс. Бұл тезиспен ешкім бақталаспайды. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін екі әдіспен қамтамасыз етуге болады. Бірінші әдіс – толық қауіпсіздік жүйесін құру арқылы, рұқсат етілемеген барлық әрекеттердің алдын-алу. Алайда мұндай әдісті тәжірибе жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес, оған келесідей себептер қатары бар:

- Қатесіз бағдарлама әлі де арман болып келеді. Өкінішке орай өндірушілер мұндай бағдарламаны ойлап табуға құштарсыз. Олар өздерінің өнімдерін неғұрлым жылдам шығарып, және сол арқылы ірі көлемде пайда табуға тырысады. Бағдарламалық жасақтамадағы қателіктердің кесірінен, толық қорғарғал жүйені шасап шығару мүмкін емес болып тұр. Ең қызығы әртүрлі қателіктердің кесірінен қорғау құрылғылары да зардап шегуде;
- Тіпті ең жоғарғы қорғалған жүйенің өзі, жоғарғы білікті қолданушының алдында осал. Мүмкіндігі жоғары қолданушылар қорғау саясатының талаптарын бұзуға қауқарлы. Бұл өз кезегінде, қорғаныс деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады;
- Жүйенің қорғанысын неғұрлым жоғарылатқан сайын, соғұрлым онымен жұмыс істеу ыңғайсыз.

Осы саладағы ең беделді ақпарат көзі – Сан-Францискодағы ФБР бөлімшесінің компьютерлік жанжалдардың статистикалық мәліметтерін қолданамыз.

- 90 % респонденттер (ірі корпорациялар және мемлекеттік мекемелер) өз ақпарат қорларына сан түрлі шабуыл жасағанын тіркеген.
- 80 % респонденттер осындай шабуылдар себебінен көптеген қаржы жұмсады, бірақ соның ішінде тек 44 % -ы ғана сол жұмсалған қаржыларды есептей алды.

Соңғы жылдары қорғаныс саясатының бұзылуы салдарынан шығын көлемі өсті. Оған мысал: 2002 жылы – зардап сомасы 266 млн. АҚШ долларына тең келді, 2005 жылы – 365 млн. АҚШ доллары жұмсалса, ал 2007 жылы бұл зардап көрсеткіші 460 млн. АҚШ долларына жетті.

Шабуыл жиілігі және саны үнемі жоғары болған сайын, шабуылдың бастапқы кезеңін анықтап, жекешелендіру өте маңызды болып отыр. Және оған дер кезінде әрекет ету керек. Шиеленіскен жағдайда шабуылға араласу адамның әрекет етуінен де өте жоғары жылдамдықта болуы тиіс.

Ақпараттық жүйеге шабуыл жасаушылар, шабуыл жасаудың автоматтандырылған түрін қолданатын болғандықтан, шабуылды анықтау үрдісін автоматтандыруға себеп болды. Бір жарияланған мысалда, 8 сағаттың ішінде, 500 жерден, 2000-ға жуық Ғаламтор серверіне кіру әрекетін жүзеге асыру дерегі тіркелген (ол дегеніміз, 1 минут ішінде 4 шабуыл жасау деген сөз). Бұл жағдайда, шабуылды анықтаудың автоматтандырылған жүйесі шабуыл көзін іздеп табуға көмектесті. Бұл жүйе болмаса, шабуыл жасаушының әрекетін, шабуылдың өзін анықтау тапсырмасы мүмкін болмас еді.

Сол себепті, егер біз толық қорғаныс жүйесін құра алмасақ онда екінші тәсіл ретінде – ең болмаса, қауіпсіздік саясатын бұзудың барлығын анықтап,

оған лайықты түрде әрекет ету керек. Қарастырылып жатқан жұмыстағы дәл осы әрекет шабуылды анықтау жүйесін құруға мүмкіндік берді.

Шабуылды анықтау жүйесі, компьютерлік жүйеге шабуылға дайындалуға және оған қарсы тұруға көмектеседі. Олар желілер мен ақпараттық жүйелердің толық нүктелер қатарының ішінен ақпараттар жинап және осы ақпараттағы қорғаныс мәселесінің бар-жоғын талдайды. Қорғаныс әлсіздігін анықтау мақсатында, әлсіздікті іздеу жүйесі желілер мен жүйелерді тексеріп, баптау қателіктері мен жүйелік мәселелерінің бар-жоқтығын анықтайды. Әлсіздікті талдау технологиясы да, шабуылды анықтау технологиясы ретінде мекелерлерге жүйелік қорғаныс мәселелерімен байланысты өз ақпараттық қорларын жоғалтудан сақтауға мүмкіндік береді.

Желіаралық экранның сервистік модулы Cisco Catalyst 6500 Series және модуль Cisco NME-RVPN, ал бағыттаушыларға Cisco 2800 Series және 3800 Series Integrated Services Routers – ті таңдау арқылы, біз – желіаралық экран/VPN бағыттаушы, желінің қорғанысының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, өндіргіш және сенімді құрылғыларды аламыз. Бұл құрылғылар өз кезегінде мекемелерге желілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, сондай-ақ рұқсат етілмеген әрекеттерден қорғауға, байланыс арналары арқылы ауырлықты бөліп, әкімшіліктендіруді оңтайландыруға көмектеседі.

Осы дипломдық жобада корпоративтік желіге басып кірудің бақылау жүйесін үйлестіру сұрақтарын қарастыру қажет.

Көбінесе, келесідей жұмыстарды жүргізу керек:

– корпоративтік желілердің қауіпсіздік қаупін анықтау жұмыстарын жүргізу;

– корпоративтік желілердің қауіпсіздік жүйесін талдау;

– желіаралық бейне беттің модулы Cisco Catalyst 6500 Series шабуылды анықтау жүйесін таңдауын түсіндіру;

– әсерлі бағыттаушымен қамтамасыз етудің, мәліметтер трафигінің қорғанысын, дауыстың, бейнебаян – модуль Cisco NME-RVPN, бағыттаушылар Cisco 2800 Series және 3800 Series Integrated Services Routers жүйесін таңдауын түсіндіру;

– қажетті құралдарды орналастыруды жоспарлау.

1 Корпоративтік желілердің қауіпсіздігінен төнген қаупі

1.1 Басып кіру ұғымы

Желілік қорғаныс (Network Security) – бұл компьютерлік жүйелер мен желілердің мінездемесі ретінде орнататын, қарастырылған жүйелер және олардың элементтерінің сенімді жұмыс істеуін, тұтастығын, өз иесінің және пайдаланушылардың ақпараттарын сақталуын қамтамасыз етеді.

Қорғаныс мақсаттарына келесілер кіреді:

- құпиялылық (тек тіркелген пайдаланушылар ғана оқи алатынын немесе файлды не нысанды көшіре алатынын кепілдендіреді);
- басқару (тек тіркелген пайдаланушылар ғана ақпаратқа қол жеткізу туралы шешім қабылдай алады);
- тұтастығы (тек тіркелген пайдаланушылар ғана файл не нысанды өзгерте немесе өшіре алады);
- сенімділік (нысанды сипаттаудың немесе бөлшектеріне дәреже берудің дұрыстығы);
- кіру мүмкіндігі (тіркелмеген пайдаланушы тіркелген пайдаланушыларға файлдар немесе басқа да жүйе көздеріне енуге уақытша кіру мүмкіндігін шектей алмайды);
- айдалылығы (нақты мақсатқа қол жеткізудің жарамдылылығы).

Шабуылды анықтау жүйесі – жүйелік және желілік қорлардың тұтас қатарын пайдалану ақпараттарын жинап, содан кейін ақпаратқа басып кірулердің (мекеменің сыртынан келетін шабуылдар) және зиян келтіре пайдаланулардың (мекеменің ішінен келетін шабуылдар) бар-жоқтығына талдау жасайды.

Қауіпсіздік саясаты – өзінің қорғаныс жүйесінің қатынасында мекеменің алатын орны. Ол мекеменің өте маңызды қорларына қайсысы кіретінін анықтап және олардың қандай деңгейде қорғалуы керек екендігін орнатады.

Қауіпсіздік оқиғасы – желі торабының қызмет ету кезінде тораптардың жағдайын өзгертетін әртүрлі оқиғалар (events) орын алады. Бұл оқиғалар қауіпсіздік қызметі тарапынан – қызмет (action) және адресат (target) сияқты екі құрамдастың көмгімен ұсынылуы мүмкін.

Қызмет – бұл қадамдар, қандайда бір нәтижеге жету үшін жүйенің субъектісі қолданатын әдіс (пайдаланушымен, үрдіспен және т.с.с.)

Адресат – бұл жүйенің логикалық (есеп жүргізу, барысы немесе көрсеткіші) немесе физикалық (желі торабы, желі, құрасдас бөлік) объектісі.

Ақпараттық жүйенің әлсіздігі (vulnerability) – бұл ақпараттық жүйенің кез-келген мінездемесі болып табылады, және осындай жағдайлар бұзушының қолдануы қауіптің жүзеге асуына әкеп соғады.

Ақпараттық жүйенің қаупі (threat) деп – жүйелік қорларға зардап (материалды, моральді немесе басқадай) келтіруі мүмкін, болуы мүмкін жағдайлар, іс-әрекеттер, оқиғалар немесе құбылыстарды айтамыз.

Әлсіздіктер келесідей болып жіктеледі:

А) жобалау әлсіздігі – бұл өте маңызды әлсіздік түрі болып табылады, себебі оның салдарын жою қиындыққа әкеп соғады;

Б) жүзеге асыру әлсіздігі – алгаритимнің немесе жобаның қауіпсіздігі тарапынан, бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру сатысында байқалады;

В) кескін әлсіздігі – бағдарламалық немесе аппараттық қамтамасыз етудегі кескін қателіктері;

Ақпараттық жүйеге шабуыл (attack) дегеніміз – осы ақпараттық жүйенің әлсіздігін пайдалану арқылы қауіпті жүзеге асыруына әкеп соғатын іс-әрекет немесе бұзушының өзара байланысты іс-әрекетінің жалғасы.

Шабуылдың, қауіпсіздік оқиғасынан айырмашылығы – шабуыл жасалған жағдайда, бұзушы қандай да бір нәтижеге жетуге тырысады. Бұл қауіпсіздік саясатына қайшы келетін іс-әрекет.

Сигнатуралар – бұл белгілі шабуылдар немесе жүйелердегі зиян келтіре пайдаланулардың салыстырмалы үлгісі. Олар оңай (белгіленген шарттар немесе әмірлерді іздеуге лайықты белгілер қатары) немесе қиын (заңды математикалық тұрғыда жазылған, іс-әрекет және тіркеу журналы жолағы жинағының ізінше, қорғаныс жағдайын өзгерту).

Мекеменің желісіне ену – сәтті жасалған (яғни жүзеге асырылған) шабуыл.

Intrusion Detection System (IDS) – шабуылды анықтау жүйесі.

1.1.1 Шабуыл үлгілері

«Дәстүрлі» шабуыл үлгісі

Дәстүрлі шабуыл үлгісі «біреуі-біреуіне» (1.1 сурет) немесе «біреуі-көбіне» (1.2 сурет) деген қағида бойынша құрылады, яғни шабуыл бір нүктеден келеді. Көптеген жағдайда шабуыл көзін жасыру немесе оның табылуын қиындату мақсатында айырма әдісі қолданылады. Зиянкелтіруші өзінің шабуылдарын тікелей таңдалған мақсатқа емес, тораптар тізбегі арқылы жүзеге асырады.



1.1 Сурет – «біреуі-біреуіне» қатынасы

1.2 Сурет – «біреуі-көбіне» қатынасы

Дәстүрлі қорғаныс құралдарын ойнап табушылар дәл осы шабуылдың классикалық үлгісіне сүйенеді. Әр түрлі желі нүктелерінде консоль басқармасы орталығына ақпаратты ұсынатын сан түрлі қорғаныс жүйесінің агенттері орнатылады. Бұл жүйенің кең ауқымдатуын, қашықтандырылған басқарманың оңайлылығын және т.б. жұмысын жеңілдетеді.

«Бөлшектенген» шабуыл үлгісі.

Бұл шабуылдар – бір немесе бірнеше зиянкелтірушіге, бір немесе бірнеше тораптарға бір мезетте орындалатын жүздеген және мыңдаған шабуылдарды өткізуге мүмкіндік береді.

Бөлшектенген немесе үйлестірілген шабуылдар (coordinated attack) үлгісі «көптің біреуге» (1.3 сурет) және «көптің көпке»(1.4 сурет) деген қатынас қағидаларына сүйенеді. Барлық бөлшектенген шабуылдар (Distributed DoS, DDoS) «классикалық» шабуылдың «қызмет көрсетуде бас тарту» типіне негізделген, дәлірек айтқанда Flood немесе Storm – шабуылдар деген атаулармен белгілі жиынтығына негізделген. Дәл осы шабуылдардың мағынасы үлкен көлемде тапсырылған тораптар жүйесінде (шабуыл мақсаты) құрылады, тіпті мұндай әрекет тораптардың құрылымының бір жола жойылуына әкелуі мүмкін, себебі тіркелген пайдаланушылардың сұранысын өңдей алмайды.

1.3 – Сурет «Көптің біреуге» қатынасы

1.4 – Сурет «Көптің көпке» қатынасы

Дәл осы тәсіл шабуылдаушы тарабына келесідей артықшылықтары бар:

Құпиялылығы. Бірден бірнеше мекен-жайлармен жұмыс істеу, үйреншікті механизммен шабуылдайтындарды анықтау айтарлықтай қиындайды (желілік экрандармен, шабуылды анықтау жүйелерімен және т.б.). Қазіргі заманауи қорғаныс құралдарының барлығы бірдей қолдана бермейтін деректерді өзара байланыстыру механизімін қолдану қажет.

Шабуыл күші. Бір нүктеден жасалатын ұқсас шабуылдан гөрі, бірнеше желі нүктелерінен жасалынатын шабуылдар қысқа уақыт ішінде аса қуатты шабуылды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылған жағдайдай

(құпиялылығы) бөлшектенген шабуылды оқшаулау және анықтау әдісі сияқты әрекеттердің тиімділігі аз болып келеді.

Алуан түрлі деректерді алу. Әр түрлі мекен-жайлар арқылы жұмыс істей отырып, оның ішінде әртүрлі желілерде орналасқан мекен-жайлар арқылы, үйреншікті іс-әрекетпен салыстырғанда бір нүктеден жүзеге асыратын шабуылдың толық объектісі көбірек деректер жинақтай алады. Мұндай үлгі арқылы шабуыл мақсатына дейін ең қысқа қозғалыс бағытын анықтап алуға болады, сондай-ақ әр түрлі желілік тораптардың «сенімді» қарым-қатынасы және т.б. Мысалы, А торабынан зиянкелтіруші «троянский конь» бағдарламасы арқылы шабуыл мақсатына қол жеткізе алады, ал В торабынан – қол жеткізе алмайды.

Шектеу күрделілігі. Көрсетілген артықшылықтар бөлшектенген шабуылды шектеуді қиындатады. Сонымен қатар Internet-серверды істен шығаруға жеткілікті «троянский конь» типті бағдарламалары бар түйіндердің мөлшерін санап анықтауға болады. Қалыпты 128 Кбит/с DSL-байланысы кезінде 1 с-та жіберілетін пакеттер саны 800-ден көп емес (128/(IP-пакеттың Кбит-тағы орташа өлшемі)). IP-пакеттың ең аз мөлшері 20 байт (тек атауы)болғандықтан, онда DSL-байланысы 128 000 / 20 / 8 = 800 пакет жіберуге мүмкіндік береді. Қалғаны сервердың өнімділігіне байланысты болады. Мысалы, TopLayerNetworks компаниясының тестілеуіне сай MSIIS 5.0 Pentium 400 компьютеры секундына 100-200 пакет өңдей алады. Демек, бір DSL-байланысы бар үй компьютері 6-7 өнімді емес Web-серверді істен шығара алады. Web –серверге компьютер қуаты өскен сайын, шабуылға катысатын түйіндердің саны да өседі.

Бөлінген шабуылдар әдісі бойынша құрылған шабуылдарды анықтау өте қиын. Шабуылдарды анықтаудың торлық жүйелері оларды сенімсіз анықтайды, әсіресе егер агенттер мен серверлер арасындағы байланыс құпияланған болса. Шабуылдарды анықтау жүйелерінің түйіндік дәрежесі осы мақсатқа көбірек жарамды болып келеді. Осындай шабуылдарды агентті орнату кезеңінде анықтауға болады.

Оны нәтижесінде яғни соңында жасау өте қиын себебі агент ОЖ бөлігі ретінде жұмыс істейді. Әсіресе агенттерді Linux және OpenBSD сияқты "ашық" ОЖ-лар үшін кірістіру қауіпті, себебі агент оперативтік жүйенің ядросына кірістірілуі мүмкін, ол өз кезегінде осындай агентті анықтауды қиындатады. Дәстүрлі шабуылда шабуылдаушыға периодты түрде айғақталған түйінге "кіріп тұруға" тура келеді. Ол тіркеу журналдарының анализі арқылы немесе автоматталған құралдармен анықталуы мүмкін.

Бөлінген шабуылда мұндай мәселе туындамайды, себебі агент алдын ала орнатылған, сондықтан айғақталған түйінге периодты түрде "кіріп тұрудың" қажеті жоқ, барлығын алдын ала бағдарламаланған агент орындайды.

Гибридты шабуылдар (hybridattack), сонымен қатар аралас қауіп (blendedthreat), дамыған червь (advancedworm) немесе гидра (hydraattack) деп аталатын шабуылдау әдісі ретінде дамыған.

Осындай шабуылдардың мысалы болып Nimda, CodeRed, SirCam және Klez келеді. Гибридты шабуылдардың бөлінген шабуылдардан негізгі айырмашылығы (ол бөлінген шабуылдардың бір модификациясы немесе бір кеңейтілімі) - өз демондарын басқаратын мастер -агенттердің болмауы. Сондықтан нағыз көзін,себебін анықтау тіптен мүмкін емес. Оған қоса егер бұрын пайдаланушы вирустың қосылуын ерікті немесе еріксіз түрде өзі ұйымдастыруы керек болса, онда гибридты шабуылдар үшін бұл шарт қажет емес. Олар өздері осал түйіндерді іздеп, оларға сіңіп кейін ешкімнің көмегінсіз ақ көбейіп отырады.

1.1 К е с т е - Гибридты шабуылдардан қорғаудың әдістері.

	Желі қорғанысы	Операциондық жүйе қорғанысы	Қосымша қорғанысы
Өнімдер	Желілік сканерлер	Серверлер және жұмыс істеп тұрған станциялар сканерлері	Қосымша сканерлері
	Шабуылды анықтаудың желілік жүйесі	Серверлер мен жұмыс істеп тұрған станцияларға жасалған шабуылдарды анықтау жүйесі	Деректер базасының сканерлері
	Желіаралық бейне беттер	Арнайы антивирустар	Қосымшаларға арналған антивирустар
Қызметтер	Қашықтандырылған сканерлеу	Қашықтандырылған сканерлеу	Қашықтандырылған сканерлеу
	Қашықтандырылған сканерлеу Қашықтандырылған сканерлеу	Қашықтықтан мониторинг жасау және шабуылды анықтау жүйесімен	Мониторинг және қосымшаның қорғанысы

1.1 кестенің жалғасы

Консалтинг	Қауіпсіздік саясатын енгізу және әзірлеу	Қауіпсіздік саясатын енгізу және әзірлеу	Қосымшалардың қауіпсіздік саясатын енгізу және әзірлеу
	Қорғаныс талдауы	Қорғаныс талдауы	Қорғаныс талдауы
	Енуге байланысты сынақтар	Енуге байланысты сынақтар	Енуге байланысты сынақтар
	Баптау және конфигурация лау	Баптау және ОЖ конфигурациялау	Баптау және конфигурация лау
	Жанжалға әрекет ету	Жанжалға әрекет ету	Жанжалға әрекет ету
Оқыту	Қауіпсіздік стандарттары және саясатын зерттеу	Қауіпсіздік стандарттары және саясатын зерттеу	Қауіпсіздік стандарттары және саясатын зерттеу
	Шабуылды анықтау жүйесін, қауіпсіздік сканерлерін және желіаралық бейне беттерді зерттеу	Шабуылды анықтау жүйесін және қауіпсіздік сканерлерін зерттеу	Шабуылды анықтау жүйесін және қауіпсіздік сканерлерін

1.1.2 Шабуылдарды іске асыру кезеңдері.

Шабуылдарды іске асырудың негізгі механизмдерін қарастырайық. Ол осы шабуылдарды анықтаудың әдістерін түсіну үшін қажет. Сонымен қатар, шабуылдаушылардың іс-әрекеттерінің принциптерін түсіну, сіздің торыңыздың сәтті қорғанысына алып келеді.

Шабуылдарды іске асырудың келесідей кезеңдері бар:

- мәлімет жинау (information gathering);
- шабуылдауды іске асыру (exploration);
- шабуылды аяқтау (finishingattack).



1.5 сурет – Шабуылды іске асыру

Бірінші кезең - шабуылданатын жүйе мен түйін жайлы мәлімет жинау. Ол келесідей іс-әрекеттерден тұрады, тордың топологиясын, шабуылданатын түйіннің оперативтік жүйесінің түрі мен типін, сонымен қатар қол жетімді торлық және басқа да сервистерді анықтау.

Ол іс-әрекеттер түрлі әдістермен іске асырылады:

– айналаны сараптау. Бұл кезеңде шабуылдаушы жоспарланып отырған шабуылдау нысанының айналасындағы торлық аймақтарын саралайды. Ондай аймақтарға, мысалы, Internet-провайдерлер "құрбандар" немесе шабуылданған компанияның жойылған офисының түйіндері жатқызылады. Осы кезеңде шабуылдаушы "сенімді" жүйелер мен түйіндердің адрестерін анықтауға әрекет етуі мүмкін, олар тікелей шабуылдау нысанымен (мысалы маршрутизатор ISP) байланысты. Осындай іс-әрекеттерді анықтау әлдеқайда қиын, себебі олар қорғаныс құралдарымен басқарылатын, ұзақ уақыт бойы және аумақ сыртымен орындалады (тор аралық экрандармен, шабуылдарды анықтау жүйелерімен және т.б.);

– тор топологиясын идентификациялау. Шабуылдаушылар пайдаланылатын тор топологиясын анықтаудың екі түрін атауға болады (network topology detection),олар: "TTL өзгерту" ("TTL modulation") және "маршрутты жазу" ("record route"). Unix үшін traceroute және Windows үшін tracert программалары тор топологиясын анықтаудың бірінші әдісін пайдаланады. Олар IP-пакет тақырыпшасында Live ("өмір сүру уақыты") жолын пайдаланады, ол тор пакетының қанша маршрутизатордан өткеніне байланысты өзгеріп отырады. ping утилитасы ICMP-пакетының маршрутын жазу үшін пайдаланылуы мүмкін. Көбінде торлық топологияны көптеген торлық құралдарда орнатылған, қорғанысы қате жасалған SNMP протоколының көмегімен анықтауға болады. RIP протоколының көмегімен тордағы маршрутизацияның кестесі жайлы мәліметті алуға болады;

– түйіндерді идентификациялау. Түйінді идентификациялау (host detection), ереже бойынша, ping утилитасының көмегімен протокол ICMP ECHO_REQUEST командасын жіберу арқылы орындалады. ECHO_REPLY жауап хабарламасы, түйіннің қол жетімділігін айтады.

Еркін таратылатын бағдарламалар бар, олар түйіндердің көп мөлшерін параллельді идентификациялау процессін автоматизациялайды және жылдамдатады, мысалға fping немесе nmap. Берілген әдістің қауіптілігі,түйіндердің стандартты құралдарымен ECHO_REQUEST запростары бекітілмейді.

Ол үшіін тарфикты анализдау құралдарын пайдаланған жөн, тораралық экрандар мен шабуылдарды анықтау жүйелері.

Бірақ та бұл әдіс бірнеше кемшіліктерге ие. Біріншіден, көптеген торлық құрылғылар мен бағдарламалар ICMP-пакеттерді шектейді де оларды ішкі торға (немесе сыртқа) өткізбейді.

Нәтижесінде айқын емес бейне пайда болады. Ал бір жағынан ICMP-пакетті шектеу шабуылдаушыға маршрутизаторлардың, тор аралық экрандардың және т.б. бар екендігін хабарлайды.

Екіншіден, ICMP-запростарын пайдалану шабуылдың көзін оңай анықтауға мүмкіндік береді;

– сервистерді идентификациялау және порттарды сканерлеу. Сервистерді идентификациялау (service detection), ереже бойынша, ашық порттарды анықтау арқылы іске асады (port scanning). Мұндай порттар TCP және UDP протоколында құрылған сервистермен жиі байланысты болады. Мысалға, ашық 80-шы порт Web-сервердың, 25-ші порт -пошталық SMTP-сервердың, 31337-шы троян атының BackOrifice серверлік бөлігінің бар екендігін түсіндіреді.

Сервистерді идентификациялау мен порттарды сканерлеу үшін, түрлі бағдарламалар пайдаланылуы мүмкін, соның ішінде еркін таралатындары да бар. Мысалы, nmap және netcat;

– оперативтік жүйені идентификациялау. ОЖ (OS detection) жойылған түрде анықтаудың негізгі механизмы - запростарға келетін жауаптардың анализі, ол түрлі оперативтік жүйелердегі, түрлі TCP/IP-ағымдарды иеленуді ескереді.

Әрбір ОЖ-да TCP/IP протоколдарының ағымы өзінше ұйымдастырылған, ол арнайы запростар мен оларға жауаптар көмегімен жойылған түйінде қандай ОЖ-ның орналасқанын анықтауға мүмкіндік береді;

– түйіннің рөлін анықтау. Шабуылдаушы түйін жайлы мәлімет жинау кезеңінің соңғы қадамдарының бірі оның рөлін анықтау, мысалы, Web-сервердың немесе тор аралық экранның қызметтерін орныдау.

Бұл қадам алдын ала жиналған, яғни белсенді сервистер, түйіндердің атауы, тор топологиясы және т.б. жайлы мәліметтердің негізінде орындалады;

– түйіннің осалдығын анықтау. Соңғы қадам - осал жерлерін іздеу (searching vulnerabilities). Осы қадамда шабуылдаушы түрлі автоматталған құралдардың немесе қолдық әдістің көмегімен осал жерлерін анықтайды, олар шабуылды ұйымдастыру үшін қолданылады. Мұндай автоматталған құралдар ретінде ShadowSecurityScanner, nmap, Retina және т.б. боуы мүмкін.

Шабуылдарды іске асыру. Шабуылдаушы екінші кезеңде шабуылдарды іске асырудың екі нысанын назарға алатынын атап өту керек.

Біріншіден, түйіннің өзіне заңсыз кіру және оның мәліметтерін алу. Екіншіден, басқа да түйіндерге алдағы шабуылдарды ұйымдастыру үішн түйіннің өзіне заңсыз кіру. Бірінші нысан, ереже бойынша, тек екіншіні іске асырғаннан соң орындалады.

Демек, алдымен шабуылдаушы алдағы шабуылдарды жүргізу үшін өзіне база жасап алады, осыдан соң ғана басқа да түйіндерге кіреді. Ол шабуыл көзінің орналасуын жасыру мен оны анықтауды әлдеқайда қиындату үшін қажет.

Тікелей қол жетімділік кезінде шабуылдарды іске асыру екі кезеңге бөлінеді:

– жасырын кіру. Периметрды қорғау құралдарынан жасырын өту дегенді білдіреді (мысалы, тор аралық экранды). Ол түрлі жолдармен іске асырылуы мүмкін. Мысалы, компьютер сервисының осалдығын пайдалану, "қарауыл" сыртқа немесе қауіпті құрамды электрондық пошта арқылы (макровирустар) немесе Java аплеттері арқылы жіберу. Мұндай құрамдар тор аралық экрандарда "туннель" пайдаланылуы мүмкін (VPN туннельдерімен шатастырмау керек), олар арқылы кейін шабуылдаушы кіреді. Осы кезеңге арнайы утилитаның көмегімен (мысалы, L0phtCrack немес Crack) администратордың немесе басқа пайдаланушының құпия сөзін таңдауды жатқызуға да болады;

– бақылау орнату. Шабуылдаушы жасырын кірген соң, шабуылданатын түйінге бақылау орнатады. Ол "троянский конь" типті бағдарламаны енгізу арқылы іске асырылады (мысалы, NetBus немесе BackOrifice). Қажетті түйінге бақылауды орнатып, "іздерді жойған " соң, шабуылдаушы барлық қажетті заңсыз немесе әдетті емес іс әрекеттерді, шабуылданып жатқан компьютер иесінің білуінсіз ақ жасай алады. Сонымен қатар корпоративті тор түйінінде бақылауды орнату, ОЖ-ны қайта жүктеу кезінде де сақталуы керек. Ол жүктеліп отырған біреуін алмастыру арқылы немесе қауіпті кодты автожүктеу немесе жүйелік реестрдың файлына ссылкамен жіберу арқылы іске асуы мүмкін.

Бізге белгілі жағдай, шабуылдаушы торлық картаның EEPROM-ын қайта жобалап және кейінннен де ОЖ-ны қайта орнатудан соң да ол заңсыз немсе рұқсат етілмеген іс әрекеттерді іске асыра алды. Осы мысалдың ең қарапайым модификациясы торлық жүктелудің сценарийне қажетті кодты немесе үзіндіні енгізу болып табылады (мысалы, ОЖ үшін Novell Netware).

Шабуылды аяқтау

Шабуылды аяқтау кезеңі болып шабуылдаушы жағынан "іздерді жою" табылады. Әдетте ол түйінді тіркеу журналдарынан сәйкес жазбалар мен басқа да іс әрекеттерді жою арқылы іске асады, сол арқылы шабуылданған жүйені бастапқы қалыпқа "шабуылға дейінгі" келтіреді.

1.1.3 Шабуылдар нәтижесі

Шабуылдар нәтижесінің келесідей сыныптамасы бар:

– қол жетімділік құқықтарын кеңейту (increasedaccess) –торда немесе дәл бір бәсекелес түйінде қол жетімділік құқықтарының кеңеюіне алып келетін кез келген рұқсат етілмеген істер (компьютерде, маршрутизаторда және т.б.);

– мәліметтің өзгеруі (corruptionofinformation) – тор түйіндерінде сақталатын немесе оны тормен жөнелту кезіндегі мәліметті рұқсат етілмеген түрде өзгерту;

– мәліметті ашу (disclosureofinformation) – қол жетімділікке ие емес тұлғалардың арасында мәліметті тарату;

– сервистерді ұрлау (theftofservice) – рұқсат етілмеген түрде компьютерді немсе торлық сервистерді басқа пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын өзгертпей пайдалану;

– қызмет көрсетуден бас тарту (denialofservice) – өнімділікті мақсатты түрде төмендету немесе торға немесе компьютерге және оның қорларына қол жетімділікті шектеу.

1.2 Корпоративтік тордың ерекшеліктері

Корпоративтік торлар (немесе өндірсі масштабындағы торлар) өндірістің барлық аумағындағы компьютерлердің көп мөлшерін біріктіреді. Корпоративтік торды құрау кезіндегі негізгі тапсырма жеке жергілікті кеңселік және филиалдық торларды ресурстары ортақ бір жүйеге біріктіру. Осы тапсырманы шешу үшін глобалды қосылыстарды, яғни телефондық және жерсеріктік каналдарды, радиоканалдарды пайдалану қажеттілігі тууы мүмкін.

Корпоративтік торлар өзінің жоғары гетерогендік дәрежесімен ерекшеленеді, компьютер, торлық жабдықтың, операциондық жүйенің типтері әртүрлі болуы мүмкін.

Корпоративтік тор мәліметті сақтау, өңдеу мен беру құралдары, әдістері мен персоналының жиынтығы болып табылады. [5]

Корпоративтік тор компанияның профильдік және қаржылық-шаруашылық жұмысын автоматизациялау үшін арналған және келесі тапсырмаларды шешуге арналған:

– компанияның бизнестік жұмысындағы түрлі тапсырмаларды шешімін қамтамасыз ететін, автоматталған жүйелердің жұмысын қолдап тұру;

– байланыс қызметтерін ұсыну технологиялық процесін басқару;

– ұсынылатын байланыс қызметтерінің биллингін қамтамасыз ету;

– компания ішінде электронды құжат жинауды және құжаттама жүргізуді қамтамасыз ету;

– компанияның корпоративтік торын пайдаланушыларға ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету (файлдық серверлерге, принтерлрге, база серверлеріне);

– компанияның корпоративтік торын пайдаланушыларға галамторға қол жетімділігін қамтамасыз ету;

– компанияның корпоративтік торын пайдаланушыларға, сыртқы организациялар мен жеке тұлғаларға қатысты электрондық түрде қызметтік хат алмасу мүмкіндігін беру;

– корпоративтік тормен қорғалатын объекттер:

– мәліметтік ресурстар (магниттік, оптикалық және басқа да құралдардағы құжаттар мен жазбалар, сонымен қатар тор арқылы алмасатын мәліметтер);

– аппараттық құралдар (жұмыстық станциялар, серверлер, принтерлер, алшақ орналасқан жабдықтар, ақаусыз қуат алу көздері және т.б.);

– бағдарламалық құралдар (жүйелік прикладное бағдарламалық қамтамасыз етулер);

– торлық қамтамасыз етулер (маршрутизаторлар, коммутаторлар, модемдер, байланыс каналдары және т.б.);

– мәліметті тасушылар (компьютерлік, қағаздық).

1.3 Корпоративтік тордың мәліметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары мен тапсырмалары

Компанияның корпоративтік торының мәліметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары мен тапсырмаларын анықтап алу қажет.

Мысал ретінде ДИС АҚ "Қазақтелеком" компаниясының корпоративтік жүйесін аламыз.

Мәліметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық мақсаты компанияның, клиенттерінің, серіктестерінің түсініктерін компанияның корпоративтік торының қызметі барысына араласу арқылы зиян келтіру мүмкіндігінен қорғау

Компанияның мәліметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тапсырмалары [5]:

– қауіптілікті уақытылы анықтау, аумағын анықтау және жою;

– қауіптілікті анықтайтын механизмдерін жасап шығару және қауіптілікке әсер етуді анықтау;

– көптеген қауіптерге қарсы әрекет етуі, әдістері мен шаралары;

– себептер мен шарттарын анықтау;

– қолданылатын қорғаныс шараларының тиімділігі мен жеткіліктілігін бақылау;

– мәліметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тор аралық экран пайдаланылатын болады, себебі осы аппараттық кешен мәліметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мақсаттар мен тапсырмалардың орындалуын толығымен қамтамасыз ете алады.

2 Корпоративтік тордың қауіпсіздік жүйесі

2.1 Корпоративтік тордың жалпы құрылымы

Мысал ретінде "Қазақтелеком" АҚ Мәліметтік Жүйе Дирекциясының корпоративтік торы алынды.

Берілген компанияның корпоративтік торы келесілерден (А Қосымшасы):

- Proxy-, Web-, пошталық серверлер;
- IP-телефониясының торы;

- торды басқару, пайдалану және мәлімет тарату,
- ұйымдастыру блогының пайдалану торы;
- серверлер торы (NAT пайдалану арқылы Ғаламторға кіру).

2.2 Мәліметтік қауіпсіздікке қауіптер

2.2.1 Қауіптер көздері

Корпоративтік торға әсері бойынша қауіп көздерін сыртқы және ішкі деп бөлуге болады. [5]

Ішкі қауіп көздеріне:

– ішкі бұзушылар;

– аппараттық құралдар (жұмыстық станциялар, серверлер, принтерлер, алшақ орналасқан құралдар);

– торлық қамтамасыз етулер (маршрутизаторлар, коммутаторлар, модемдер, байланыс каналдары және т. б.);

– өмір сүруді қамтамасыз ететін жүйелер (энергиямен қамтамасыз ету жүйелері, кондиционерлеу мен сумен қамтамассыз ету жүйелері).

Сыртқы көздерге:

– сыртқы бұзушылар;

– кенеттен болатын жағдайлар.

– мәліметтік ресурстарға әсері бойынша мақсатты және оқыстан болған қауіптер.

Мақсатты (жоспарланған) қауіптер адамдардың жаман ойларымен немесе мақсаттарымен байланысты.

Оқыстан болған қауіптер корпоративтік тордың элементтерін жобалаудағы қателермен бағдарламалық қамтамасыз етулерде, қызметшілердің іс әректтерімен және т.б. пайда болған.

Қауіптер көзінің сипаттамасы 2.1 суретте көрсетілген.



2.1 сурет – Қауіптер көзі

2.2.2 Қауіптер моделі

Кесте 2.1 қауіптер моделі көрсетілген, ол мүмкін қауіптіліктерді анықтайды.

Қауіптің әрбір түрі үшін кестеде, берілген қауіптің пайда болу көзі көрсетілген.

Бөлімдердегі қауіптер түрі мен бұзушылар категориясы пункттерде мағынасы бойнша орналасқан.

2.1 к е с т е - Модель угроз информационной безопасности

№ п/п	Қауіптердің түрі	Қауіптерге сипаттама	Бастау, бұзушының дәрежесі
1.	Кесімді адам факторларының қауіпіне, себепті қасақана пайда болатын қауіптер жатады		
1.1	Жүйелерде және қосымшаларда авторластырған қолданушылардың дұрыс емес әсерлер	Оған рұқсат етілген есептік жазулар бұзушымен қолдануы, телекоммуникацияларға желілерге басқаруларға жүйелерде дұрыс емес әсерлерге шешілмеген мақсаттарда, сол санда, ,SAP/R3 және басқа жүйелерде	Әкімшілер, қолданушылар, бағдарламашылар, әріптестер, уақытша қолданушылар, алып тастаған қолданушылар
1.2	Ақау қызмет көрсетуде	Жүйелерде, қосымшаларда және базасыларда қызмет көрсетуде ақауға пайда болуға осы бағыттағанын біле тұра әсерлердің орындауы	Әкімшілер, техникалық қызметші, сыртқы қаскүнемдер, бағдарламашылар, әріптестер, қолданушылар, алып тастаған қолданушылар, уақытша қолданушылар
1.3	Енгізу зиян келтіретін немесе қиратушы программалық қамтамасыз етуді	Енгізу зиян келтіретін немесе вирустарды, « троя аттардың », « құрттарды », « логикалық бомбаларды қосатын қиратушы программалық қамтамасыз етуді » және бас-сираққа жетектеп жүнетін	Сыртқы қаскүнемдер, алып тастаған қолданушылар, қолданушылар, әріптестер, уақытша

2.1 кесте жалғасы

		немесе осал жері жүйедің үстінде толық бақылаудың бірлескен желіге, және алуға жұмыста компоненттердің бұзушылыққа	қолданушылар, өңдеушілер, бағдарламашылар, техникалық қызметші, әкімшілер
1.4	Авторластырған қолданушылармен атыға ауыстырып жіберуі	Рұқсаттың алуы (мысалы, мәліметке авторластырған қолданушылармен бөгде есептік жазудан) қолдануыдан көмекпен, рұқсат оларға тыйым салуған	Қолданушылар, техникалық қызметші, уақытша қолданушылар, әріптестер, алып тастаған қолданушылар, әкімдер
1.5	Бөтен беттермен қолданушының атыға ауыстырып жіберуі	Атының (астында рұқсаттың бөтен беттермен алу мәліметке қолданушының) авторластырған	Сыртқы қаскүнемдер, келушілер
1.6	Жүйелік қорлардың дұрыс емес қолдануысы	Жұмыс жасамайтын мақсаттарда ұйымдар аппаратты және программалық қамтамасыз етулері қолдануы, қосатын: - фильм компъютер ойындары, көруі; - функционалдық міндеттерге орындауға жататын емес мақсаттарда Интернетке рұқсаттың қолдануысы; - бөтен ұйымдар үшін жұмыстар рұқсат етілмеген орындау үшін қорлардың қолдануысы және дербес мақсаттарда.	Қолданушылар, техникалық қызметші, бағдарламашылар, әкімшілер, алып тастаған қолданушылар, уақытша қолданушылар
1.7	Операциядағы қате	Бірлескен желіден аппаратты-программалық құралдардан күйге келтірулермен басқарумен сабақтас операцияларда орындауда Қоғамдар қызметкерлермен	Әкімшілер, әріптестер

2.1 кесте жалғасы

		қателердің іске асыруы	
1.8	Аппаратты қамтамасыз етулерге қызмет көрсетуде қате	Аппаратты құралдарға техникалық қызмет көрсетулерге процессте Қоғамдар қызметкерлермен қателердің іске асыруы	Техникалық қызметші
1.9	Қолданушының қатесі	Қосымшалармен жұмыста қолданушылармен қателердің іске асыруы	Қолданушылар, алып тастаған қолданушылар
1.10	Корпаративтік желіге ену	Осы қауіпке жатады: - қолдануымен жүйеге хакердің енуі, мысалы, буферден асыра толтырумен шабуылдар; - торлық қосудан қатысушыдан ауыстырып жіберумен жүйеге ену; - ауыстырып жіберумен жүйеге ену IP-, MAC-Мекен-жайларды; - адасушылыққа белгілі енгізумен шабуылдар жүзеге асыруы	Сыртқы қаскүнемдер
1.11	Мәліметпен манипуляция жасау	Осы қауіпке жатады: - вебсайте серіктестікте мәліметтер ауыстырып жіберуі; - (спам) мәліметтер біле тұра керексіз адресатқа тарату; - жалған қатынастардың енгізуі; - мәліметтер жеткізулері кезектіліктері біле тұра бұзушылығы; - жеткізулер біле тұра тоқтау; - маршрутизациялар біле тұра бас-сирақ; - дұшпандық жұмыс станция арқылы қатынастың жіберудің	Сыртқы қаскүнемдер, әкімшілер, техникалық қызметші, уақытша қолданушылар, әріптестер, қолданушылар, бағдарламашылар, алып тастаған қолданушылар

2.1 кестенің жалғасы

		арқылы шабуылшы тараппен ұстап қалу, өзгеріс және бағыттау қатынастары.	
1.12	Мәліметтерді ұстап қалу	Осы қауіпке жатады: - мәліметтер енжар ұстап қалу; - белсенді ұстап қалу; - трафиктің барлауы рұқсат етілмеген.	Уақытша қолданушылар, техникалық қызметші, қолданушылар, сыртқы қаскүнемдер, бағдарламашылар, әріптестер, алып тастаған қолданушылар, әкімшілер
1.13	Қабылдаудың теріске шығаруы /хабарламаның берілуі	Осы қауіпке жатады: – желінің қолданушылары теріске шығарады, не олар берілулер) (теріске шығаруы қатынас жіберді; – желінің қолданушылары теріске шығарады, не олар қабылдаудың) (теріске шығаруы қатынас қабылдады.	Қолданушылар, алып тастаған қолданушылар, техникалық қызметші, бағдарламашылар, әкімшілер, әріптестер, уақытша қолданушылар.
1.14	Қызметші ұрлықтары	Серіктестіктерге, жинаушыларға қоса ғимаратта болған қызметкерлермен құжаттардың, және физикалық дүниенің ұрлықтардың іске асыруы, көмекші жұмыс және т.б	Қызмет етуші қызметші, қолданушылар, техникалық қызметші, бағдарламашылар, әкімдер
1.15	Бөтен ұрлықтар	Заңсыз ену іске асырған серіктестікке, сол санда адамдармен, болатын емес қызметкерлермен құжаттардың, және физикалық дүниенің ұрлықтардың іске асыруы қызметкерлермен құжаттардың, және физикалық дүниенің	Келушілер, уақытша қолданушылар

2.1 кестенің жалғасы

		ұрлықтардың іске асыруы	
1.16	Қызметкерлермен дүниелер қасақана бұзуы	Акт вандализмдің іске асыруы және серіктестіктерге, жинаушыларға қоса ғимаратта болған қызметкерлермен тіршілік қамтамасыздар мәліметке, жүйелерге техникалық құралдарға, сақтаушыларға физикалық залалдың келтіру, көмекші жұмыс және т.б.	Қызмет етуші қызметші, қолданушылар, техникалық қызыметші, бағдарламашылар, әкімшілер
1.17	Дүниелер қасақана бұзуы бөтен	Акт вандализмдің іске асыруы және заңсыз ену іске асырған серіктестікке, сол санда адамдармен, болатын емес қызметкерлермен тіршілік қамтамасыздар мәліметке, жүйелерге техникалық құралдарға, сақтаушыларға физикалық залалдың келтіру	Келушілер, уақытша қолданушылар
2	Бірлескен желіде әзірлеуде және пайдаланымда қолданхатын техникалық құралдармен сабақтас қауіпті. Ақпараттық қауіпсіздікке қауіптерге осы классқа жүйе, оның жеке компоненттер және қосалқы коммуникациялар техникалық құралдар физикалық бұзылулар, ақаулар және ақаулықтар себепті пайда болатын қауіптер жатады		
2.1	Жабдықтар ақаулар және бас-сирақтар	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде жұмыста серверлердің ақау	Техникалық құралдар
2.2	Диск сияқты массивтердің ақаулары және бас-сирақтары	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде жұмыста диск сияқты массивтердің ақау	Техникалық құралдар
2.3	Торлық жабдықтар ақаулар және бас-сирақтар	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде жұмыста торлық жабдықтар ақау	Техникалық құралдар
2.4	Байланыстар каналдардың жоғалуы	Серіктестікпен бірлескен желімен түйіндермен арасында байланыстар жойылады	Техникалық құралдар
2.5	Лента сияқты кітапханалардың ақаулары және бас-сирақтары	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде жұмыста лента сияқты кітапханалардың ақау	Техникалық құралдар

2.1 кестенің жалғасы

2.6	Басқарудың және барлаудың станциялардың ақаулар және бас-сирақтары	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде басқарудың және барлаудың жұмыста станциялардың ақау	Техникалық құралдар
2.7	Жұмыс станциялардың ақаулары және бас-сирақтары	Әр түрлі факторларға ықпалдарға нәтижеде жұмыста жұмыс станциялардың ақау	Техникалық құралдар
2.8	Маршрутизациялар қасақана емес қате	Қате мекен-жай бойынша желі бойынша жіберуде мәліметтер жеткізуі	Техникалық құралдар
3	Бірлескен желіде әзірлеуде және пайдаланымда қолданхатын программалық құралдармен сабақтас қауіпті. Ақпараттық қауіпсіздікке қауіптерге осы классқа жүйелерге компоненттерге жүйелік және функционалдық программалық қамтамасыз етуде қателер пайда болу себепті пайда болатын қауіптер жатады		
3.1	Жүйелік программалық қамтамасыз етулер ақау	Қателер бар болу себепті жүйелік программалық қамтамасыз етулерге ақауға БЖ, осалдықтардың және бас-сирақтардың влекущих пайда болуы БЖ жұмыста	Бағдармалық құралдар
3.2	Қолданбалы программалық қамтамасыз етулер ақау	Қателер бар болу себепті қолданбалы программалық қамтамасыз етулерге ақауға БЖ, осалдықтардың және бас-сирақтардың влекущих пайда болуы БЖ жұмыста	Бағдармалық құралдар
4	Техногенді қауіпті қауіптерге осы классқа жылдамдатқан-мажорлық жағдайлар себепті пайда болатын қауіптер жатады		
4.1	Энергия жабдықтаулар жүйелері ақауы	Ғимаратқа қоректенудің берулері ақауы	Техникалық құралдар
4.2	Ауа тазартулар жүйелері ақауы	Шекті мүмкін шеңберлердің артына жұмыс температуралар шығу себепті жұмысқа тоқтатуға жетектеп жүнетін әуе ауа тазартулар жүйелер ақауы	Техникалық құралдар
4.3	Өрт	Физикалық құралдардың отпен бұзылу, құрайтын жүйеді, құжаттаманы қоса	Форс-мажорлық жағдайлар

2.1. кестенің жалғасы

Серверлер орнатылатын бөлмесі 4.1-суретте көрсетілген.Бөлменің ұзындығы 6м, ені 4м және биіктігі 3м, ұзындығы 2м екі терезе бар. Бөлмеде 5 адам жұмыс істейді, жұмыс графигі - аптасына бес күн, күніне сегіз сағат. Оператордың жұмысы дербес компьютермен және серверлармен байланысты болғандықтан, серверлер орналысқан жердегі жарықтануды, бөлменің температурасын есепке алу қажет. Жарықтану деңгейі психикалық функциялардың күйіне және ағзадағы физиологиялық үрдістерге әсер етеді. Бөлме компьютерлік құрылғылар мен оргтехникамен жабдықталған, сол себептен кафедраның персоналы артық жылулық сәулеленуге шалдығады. Сондықтан персоналдың қолайлы еңбек ету шарттарын қамтамасыз ету үшін микроклимат параметрлерін нормалау қажет. Микроклиматтың бөлек параметрлерінің ұсынылған мәндерінен ауытқуы жұмысшының еңбекке қабілеттілігін төмендетеді, көңіл күйін нашарлатады және кәсіби ауруларға әкелуі мүмкін. 4.1-кестеде ГОСТ 12.0.003-88. ССБТ сәйкес категориясы I а жеңіл физикалық жұмыс үшін қалыпты микроклиматтық шарттар келтірілген. Әкімшілік бөлмесіндегі жаз уақыт кезіндегі температура +26°С-ге дейін көтеріледі, ал қыс кезіндегі температура +18-ден +20°С-ге дейін. Қажетті микроклиматтық шарттарды сақтау үшін бөлме кондиционермен жабдықталған. Бөлменің терезелер арқылы түсетін табиғи жарықтануы, және тәуліктің қараңғы уақытында жұмыс істеу мүмкіндігін беретін жасанды жарықтануы бар. Жасанды жарықтану жоғары дәлдікті көру жұмысының III, разрядының талаптарына сәйкес келеді. Жасанды жарықталу люминесцентті шамдар арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет көрсетушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бөлме қызметкерлеріне әсер ететін барлық мүмкін факторларды талдау қажет. Бөлмеде құрылғылардың мынандай түрлері қолданылады:

Дербес компьютерлер саны – 5. Серверлер саны – 2. Зиян электрмагнитті сәулелердің әсері оларды операторлардан алысырақ орналастырудан және дербес электрондық есептеуіш машина (ДЭЕМ) мониторына қорғаныс экранын орнатудан төмендейді. Газдылықтың, шаңдылықтың және қондырғының изоляциясынан туындайтын зиян булардың әсері табиғи желденуді қамтамасыз ететін құрылғыларды дұрыс орналастыру есебінен жойылады. Көрермен залы мен дыбыстық қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесі арасындағы әуе шуының изоляция индексі 50дБ-ден кем болмауы керек. Дыбысты қамтамасыз етудің аппараттық бөлмесінің

қабырғалары мен төбесі 500 - 2000Гц жиіліктер диапазонында дыбысты жұту коэффициенті 0,6-дан кем болмайтын дыбысты жұтқыш материалдармен қапталуы керек. Дыбысты қамтамасыз ету жүйесінің барлық техникалық аппараттық бөлмелерінің едендері шаң тудырмайтын болмауы және күнделікті ылғалды жинастыру жұмыстарын өткізуге мүмкіндік беретін (метлах тақтасы, линолеум) болуы керек.

Дербес электрондық есептеуіш машина қолданушысының жұмыс орнын ұйымдастыруда келесі негізгі талаптар сақталуы қажет:

– жұмыс орнының құрамына кіретін құрылғылардың оптималды орналасуы;

– барлық қажет қозғалыстар мен орын ауыстыруларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті жұмыс аймағы;

– қызметтерді іске асыру үшін табиғи және жасанды жарықтандыру қажет;

– акустикалық шудың деңгейі рұқсат етілген мәнінен аспауы керек.

Бөлмеде келесі құрал-жабдық қолданылады:

1) дербес компьютер - 5 дана;

Құрылғының техникалық сипаттамалары:

– SAMSUNGdx2300 IntelCore i7 3210/8Gb/500Gb/Combo/DOS дербес компьютері;

– SAMSUNG LS19A100N мониторы;

– мөлшерлер1200х750х1150 мм (дербес компьютер+үстел);

– электрлік қоректену көзі: айнымалы кернеу 220-250 В, 50 Гц жиілігі, қуаты 400 Вт.

2) Сплит-жүйе плазма SAMSUNG CS/CU 5800– кондиционер, қуаты 5 кВт.



4.1 сурет – Әкімшілік бөлмесі: 1-кондиционер, 2-орындық, 3-үстел және дербес компьютер, 4-есік, 5-терезе ойықтары

4.1 к е с т е − Микроклимат параметрлерінің қалыпты нормалары

Жыл мезгілі	Жұмыс категориясы	Температура, °С	Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с
Салқын	I а	18-26	0,1
Жылы	I а	20-30	0,2

Желімен жұмыс істегенде компьютер негізгі рөль атқарады. Сондықтан, жұмысшылардың компьютермен жұмыс істеген кездегі еңбектің қауіісіздігімен жұмысқа қабілеттілігін сақтауға арналған сұрақтарды талқылауымыз қажет. Еңбек қорғау саласы бойынша бұл технологияға қатысты ауа алмасудың сипаттамалары мен әдістерін,түрлерін қысқаша сипаттап жазып есеп жүзінде дәлелдеуге тырыстым. Адам ағзасы қоршаған ортамен тұрақты жылу алмасу жағдайында болады. Бұл процесте негізгі рөлді адамның жылу реттеуі негізгі орын алады. Ол қоршаған ортамен жылу алмасуды реттеп отырады және дене температурасын 37^0С жуық сақтап отырады. Адам ағзасының қоршаған ортаға жылу беруі киім, конвекция(таралу), қоргаған беттерге сәулелену, тері бетінен ылғалдың булануы арқылы жүреді. Жылудың бір бөлігі демалатын ауаны жылытуға кетеді. Бөлмелердің микроклиматы әртүрлі ыстықтан қатал суыққа дейінгі маусымдық сыртқы әсерлерге ұшырайды.Сондықтан ғимараттарды жобалауда белгілі бір өңірдің ауа райы жағдайлары ескеріледі. Негізінде бөлме микроклиматы жасанды болып табылады, сондықтан адам оның параметрлеріне белсенді әсер ете алады. Ал ашық алаңдардың климаты табиғи болады және адамның өмірлік процестеріне әсер етуімен анықталады.

Қоршаған ортаның микроклиматының әсерінен адамның жылу сезуі физиологиялық реакциясы болып табылады, ол ағзаны жылу алмасу теңгермешілігінің бұзылуынан қорғайды және оның бұзылған жағдайында қорғаныс шараларын алады.Адамның жылу алмасуы зат алмасу реакциясы нәтижесінде және қоршаған ортадан жылу алуы немесе беруі нәтижесінде өзара қарым-қатынастарымен анықталады.Микроклиматтың әр түрлі жағдайларында адамның жылу алмасуын зерттеу сол микроклиматтың санитарлық нормаларын әзірлеуге, оған адамның бейімделу дәрежесін және жылудың, суықтың, сәуле энергиясының басы артық әсерінен қорғаудың мүмкіндіктерін береді.Микроклиматтың санитарлық нормалары оңтайлы және қолжетімді болып бөлінеді. Оңтайлы жағдайлар қолайлы жылылықты қажет ететін нысандарда:әкімшілік ғимараттарда, ауруханаларда,балалар мекемелерінде, театрларда сақталады. Өнеркәсіптің кейбір салаларында да оңтайлы жағдай талап етіледі (радиотехникада, электрондық техника, дәлдікті құрал-аспап жасау және т.б).

Оңтайлы микрокоимат жағдайлары – жылу реттеу реакциясының күштеуінсіз климат параметрлерінің қосындысында адам ағзасына ұзақ және

жүйелі әсерінде ағзаның қалыпты функционалдық және жылу жағдайын қамтамасыз етеді.Олар жылылық сезімін қамтамасыз етеді және жұмыс қабілетін арттырады.

Қолжетімді микроклимат жағдайлары физиологиялық бейімделу мүмкіндік шектерінен аспайтын, адамға ұзақ және жүйелі әсер ететін микроклимат параметрлерімен сипатталады.Бұл ретте денсаулық жағдайларының зақымдануы немесе бұзылуы болмайды, бірақ қолайсыздау жылулық сезінулер, көңіл күйдің нашарлауы және жұмыс қабілетінің төмендеуі болуы мүмкін.Бұл нормалар әзірге қазіргі техниканың оңтайлы нормаларын қамтамасыз ете алмау себептерінен болады. Әр түрлі тағайынды нысандар үшін микроклиматтың санитарлық нормаларын әдетте жылдың суық және жылы кезеңдері үшін әзірлейді, ал кей жағдайларда климаттық зоналар бойынша жасайды.

Жылдың жылы кезеңі сыртқы ауаның орта тәуліктік температурасымен сипатталады, ол 10^0С және одан жоғары болуы қажет. Жылдың салқын кезеңі орта тәуліктік 10^0С төмен болуымен сипатталады.

Тұрғын үйлердің және қоғамдық бөлмелердің микроклиматы олардың тағайыны және орындалуымен ондағы жылу,желдету, ауа баптаумен анықталады.Тұрғын үй адам баласының жер шарындағы барлық өңірлерінде өмір сүруге мүмкіндік береді. Өңірдің ауа райына және қоршаған ортамен тұрғын жайдың жылу алмасуында тұрғын үйдің төрт типін ажыратады: ашық, жартылай ашық, жабық және оқшауланған. Тұрғын жайлардың микроклиматы жұмыстан кейін физиологиялық ығысуларды қайта қалпына келтіру үшін жағдай жасау қажет, яғни, қолайлы жылу жағдайлары жасалуы тиіс. Бұл айтарлықтай қиындықтар келтіреді, себебі тұрғын жайларда әртүрлі жыныс, жас және түрліше кәсіптердің адамдары тұрады. Ең көп таралған тұрғын үйлерде және қоғамдық ғимараттарда жылу таралу көрсеткіші 21 – 23^0С шегінде, ал ең оңтайлы температура-22^0С. Ауаның 15-20^0 температурасында бөлменің биіктігіне байланысты жылытқыш төбе панельдерінің температурасы 35-45^0 градус, ал қабырғалық панельдерде 30-34^0 градус, ал жылытудың едендік жүйесінде 21-ден 28^0 градусқа дейін ұсынылады. Адамның өндірістік қызметіндегі микроклиматтық жағдайлар жұмыс істеушілердің жұмыс қабілетін және денсаулығын анықтайтын негізгі фактор болып табылады.Мысалы, тоқыма комбинатының тоқымашылары цехтағы 28 - 29^0 температурада жіптің үзілгенін жалғау операциясын 3-5 сек. орындайды, ал ауаның 34^0 градус температурасында 1,1 сек артық жұмсайды, сөйтіп еңбек өнімділігін 20 – 30%-ке төмендетеді. Көмір шахталарында ауа температурасының 25-тен 29^0-ға дейін көтерілуінде, еңбек өнімділігі әр градус есебіне 3-4% төмендейді.Ыстық цехтарда ауаның температурасы 35^0 градустан әрі жоғарыланғанында, еңбек өнімділігі 15% төмендейді. -Негізі бөлмедегі ауаны бөліктеп немесе толық алмастыру ауа алмастыру деп аталады. Егер бір сағат барысыда ауа алмасу бөлме көлемімен өрнектелсе, онда мұндай алмасу дерексіз саны ауа алмасудың еселігі деп аталады. Әкімшілік бөлмесінің микроклиматтық шамалары: жыл мезгілінің суық

кездерінде ауа қозғалысының жылдамдығы және салыстырмалы ылғалдылығы 0,1 м/с, 60‰, ауа тепературасы 18–26ºС шамасында болады. Ал жыл мезгілінің жылы кездерінде ауа қозғалысының жылдамдығы және салыстырмалы ылғалдылығы 0,2 м/с, 60–70‰, . Келтірілген шамалар адам организміне ыңғайлы нормаларға сай келмейді. Сондықтан әкімшілік бөлмесінде ауаны кондицианерлеу мәселесі қарастырылған. Адамның электр тогынан зақымдану ықтималдығына әсер ететін біздің бөлмеміздің класын анықтайық:

– едендер бір қабатты поливинилхлоирдті антистатикалық линолеуммен қапталған, сондықтан ол ток өткізбейтін болып табылады;

– ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60%-дан аспайды, сондықтан бөлме құрғақ;

– ауа температурасы Цельсий бойынша плюс 30 градустан аспайды;

– адамның бір уақытта бір жақтан жермен байланысы бар технологиялық жабдықтардың корпустарымен және басқа жерлендірілген бөліктермен, екінші жақтан электр жабдықтарының металл корпустарымен немесе ток өткізуші бөліктермен жанасу мүмкіндіктерінің болмауы (кернеу 1000В мәнінен аспағандықтан сымдардың өте жақсы изоляциясында);

– химиялық белсенді заттар жоқ.

ГОСТ 12.1.013-78.ССБТ сәйкес осы бөлмені маңызды қаупі жоқ бөлме ретінде классификациялауға болады.

Біздің жағдайымызда электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ГОСТ 12.1.030-81 бойынша жерлендіру мүмкіндігін қарастыру қажет. Біздің жағдайымыздағы кернеу - 220В, сондықтан жерлендіру мен нөлдеу міндеттелмейді, бірақ ұсынылады.

Құрылыс конструкцияларын дайындау үшін кірпіш, темір бетон, әйнек, металл және басқа жанбайтын материалдар қолданылады.Сонымен қатар жанбайтын материалдардан жасалған қоршаулар түріндегі өртке қарсы өткелдерді ескеру қажет, олар біздің офистің бөлмелері арасында орнатылады. Ғимараттарда өрт крандары дәлістерде, баспалдақ торларында және кіре беріс аумақтарында орнатылады. Дербес электрондық есептеуіш машинаны қолданушылар бөлмелерінде, архивте және қосымша, қызметтік бөлмелердегі өртті өшіру үшін су қолданылады. Дербес электрондық есептеуіш машина бар бөлмелерде, ақпаратты тасушыларды сақтау бөлмелерінде, қымбат құрылғыларды бұзу немесе толықтай істен шығару қаупінен бақылау-өлшеуіш жабдықтары бар бөлмелерде суды қолдану тек кейбір жағдайларда ғана рұқсат етіледі, мысалы өрт қауіпті ірі көлмеде болғанда. Бірақ судың мөлшері минималды болуы және дербес электрондық есептеуіш машинаны, дыбыстық құрылғыларды брезентпен немесе матамен жауып судан қорғау керек. Барлық бөлмелерді стационарлы автоматты өрт өшіргіш қондырғылармен жабдықтау қажет. Ауа құрамындағы оттегіні тез азайтатын от өшіргіш газбен бөлмені бірден толтыруға негізделген өртті газбен өшіру қондырғыларын қолданған тиімдірек болып табылады.

Зиян химиялық заттардың деңгейін нормалау. Бөлмені ластау көздері сыртқы ортаның және ғимараттың құрылыс материалдарынан, жиһаздардан, киімнен, аяқ-киімнен бөлінетін жүздеген әрекеттесулердің зиян заттары және адамның биоактивті әрекеттесулері (антропотоксиндер) болып табылады.

Бөлменің сыртқы ортаның зиян заттарымен ластануын қарастыра отырып, ең алдымен ғимараттың орналасқан орнын ескеру қажет, біздің жағдайымызда ол автострадаға жақын орналасқан. Бөлмеге сыртқы ортадан келетін жиі ластағыштар көміртек оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, қорғасын, шаң және тағы басқалары болып табылады.

Құрылыс конструкциялары бөлменің радон және торонмен ластануын көзі болып келеді, сонымен қатар ең көбірек концентрация нашар желдетуі бар бетоннан жасалған үйлерде кезедеседі.

Жиһаз, киім және аяқ-киімдер минералды талшықты, көмір сутегісі, полиэфир қара майы және тағыбасқа зиянды заттары бар шаңды бөледі. Биоктивті әрекеттесулердің ең маңыздысы көміртек диоксиді, күкірт сутегісі және тағы басқалары болып табылады.

Дербес электрондық есептеуіш машина қолданушысының, оператордың, жұмыс орнындағы шу көздері – сөйлесіп тұрған адамдар, сыртқы ортаның – компьютердің, принтердің, желдеткіш қондырғының шуы болып табылады. Олар болмашы мәнде шуды тудырады, сондықтан бөлмеде дыбысты жұтқыштарды қолдану жеткілікті.

ГОСТ 12.1.005-88 ССБТ "Жұмыс істеу аймағының ауасы, жалпы санитарлы-гигиеналық талаптар" сәйкес, компьютерлермен жабдықталған бөлмедегі адамдардың жұмысы жеңіл физикалық жұмысқа жатады. Ағзаның энергия жұмсау жұмыстарының категориялары 4.2-кестеде келтірілген.

4.2-к е с т е – Адам ағзасының энергия жұмсау жұмыстарының категориялары

Жұмыс	Категория	Ағзаның энергия жұмсауы, Ккал/сағ, Дж/с	Жұмыс сипаттамасы
Жеңіл	I а	<138	Жұмыс отырып жүргізіледі

4.2Кондиционерлеу және ауаны жаңарту жүйелерін есептеу

Бөлменің ауа баптауы үшін жылу және ылғал теңгермешілігін жасау жылыту-желдету техникасында қабылданған жалпы белгілі әдістермен жүргізіледі. Мұнда бөлменің ауа ортасының өзгеруіне әсер ететін барлық

факторлар есепке алынуы қажет. Түрлі тағайынды бөлмелерде: негізінен бөлме сыртындағы жылу жүктемелері; бөлме ішіндегі жылу жүктемелері әрекет етеді.

Сыртқы жылу жүктемелері келесі құраушылардан тұрады:

– қабырға, еден, терезе, есіктер арқылы ғимарат сыртындағы және ішіндегі жылу айырымы нәтижесінде түсетін жылулар мен жылу шығындары;

– жазда ғимараттың ішкі, сыртқы температура айырымы оң, ал қыста теріс болады, осы себепті бөлме ішіндегі белгіленген режім температурасын ұстау қажет болады;

– күн сәулесінен шыныланған беттер арқылы түсетін жылулар; бұл жүктеме сезілетін жылу ретінде байқалады;

– инфильтрация түсетін жылулар;

Қызмет көрсетілетін бөлмелерге жататын тұрғын және офистік бөлмелердегі жылу негізінен келесі жылудан тұрады:

– адамдар бөлетін жылу;

– электр тұрмыстық құралдар, шамдар, жарық беретін аспаптар бөлетін жылу;

– компьютерлер, баспа құрылғылары, фотокөшірме машиналар және т.б (офистік және басқа бөлмелерде) жылуы.

Түрлі тағайынды өндірістік және технологиялық бөлмелерде жылу көздері келесілер болуы мүмкін: қызған өндірістік жабдық; жанған материалдар, соның ішінде сұйықтар жартылай өнімдер; жану өнімдері және химиялық реакциялар.

Жылдың жазғы мезгілінде қоршалған құралымдар арқылы сырттан келетін жылу есебін шығару тәулік ішінде елеулі өзгерістерге ұшырайтындықтан және күн сәулесі әсерінен сырт қоршаулардың беттері жылу ағынының бұдан да көбірек ауытқуға ұшырауы себепті қиындық келтіреді. Сондай-ақ сырт қоршаулардың көлемділігі оның беттеріне түсетін сәуле жылуын азайтуы себепті жылу алмасуға елеулі әсер етеді.

Кондиционерді таңдау үшін алдымен артық жылудың қосындысын, сонымен қатар оған күннің радиациясынан бөлінетін жылу кіреді, өндірістік жарықтануды, жұмыс істейтін адамдар санын, оргтехникаларды және т.б. есептеу қажет. Салқын өндіргіштік бойынша қосындысы сондай немесе шамалы үлкен мәнді, сонымен қатар қажетті ауа алмасу қамтамасыз ететін кондиционер моделі таңданылады.

Бөлмедегі жылулық баланс мына формуламен есептелінеді:

$$Q_{жылу.б} = Q_{айыр} + Q_{сәу} + Q_{адам} + Q_{жар\text{-}у} + Q_{құр\text{-}ғы}, \text{ Вт} \qquad (4.10)$$

мұнда $Q_{айыр}$ – температура айырымы нәтижесінде алынатын жылу және жылу жоғалту;

$Q_{сәу}$ – шынылау арқылы күннің сәулеленуінен келетін жылу;

$Q_{адам}$ – адамдардан келетін жылу түсу;
$Q_{жар\text{-}у}$ – жарықтандыру аспаптарынан келетін жылу;
$Q_{құр\text{-}ғы}$ – оргтехника және құрылғылардан келетін жылу.

4.2.1 Температура айырымы нәтижесінде алынатын жылу және жылу жоғалту

Күннен бөлінетін жылу әйнектің түріне байланысты 90%-ға дейін бөлме ортасымен жұтылады, қалған бөлігі шағылысады. Ең үлкен жылу жүктемесі тура және шашырай түсетін күн сәулесінің ең үлкен деңгейінде алынады. Сәуле түсу қарқыны жергілікті кеңдікке, жыл мезгіліне және тәулік уақытына байланысты.

Салқын мезгіл үшін есептік сыртқы температура ($t_{Сесеп}$) ең салқын айдың 13 сағатындағы орташа температурасына, жылы период үшін – ең ыстық айдың 13 сағатындағы орташа температурасына сәйкес келеді. Ал ішкі ($t_{Иесеп}$) жайлылық шартын және өндірістік процесстерде көрсетілетін технологиялық талаптарын ескере отырып таңдалады:

$$Q_{қоршау} = V_{бөлме} X_0 (t_{шыққан} - t_{келген}),\ Вт \qquad (4.11)$$

мұнда $V_{бөлме}$ – бөлменің көлемі, $м^3$. $V_{бөлме}$=6х 4 х 3 = 72 $м^3$;

X_o – сыбағалы жылулық сипаттама, $Вт/м^3\ ^oC$.

X_o = 0,42 $Вт/м^3\ ^oC$.

Жылы мезгіл үшін: $t_{Сесеп}$ = 27,6 ^oC [12, кесте 3], $t_{Иесеп}$ = 24 ^oC

$Q_{айыр}$ = 72 х (27,6 - 24) х 0,42 = 108,86 Вт.

Салқын мезгіл үшін: $t_{Сесеп}$= -25 ^oC [12, кесте 3], $t_{Иесеп}$ = 20 ^oC

$Q_{айыр}$ = 72 х 0,42 х (- 25 - 20)= -1360,8 Вт.

4.2.2Шынылау арқылы күннің сәулеленуінен келетін жылу

Күннің сәулеленуінен (радиация) келетін жылу терезе арқылы сәуле бөлмеге кіріп, күннен шынылау сәулелену периоды үшін:

$$Q_р = (q_{вп} + q_{вр})\ К_1^{с}\ К_2\ ß_{с.з.}\ n\ H_0\ B_0,\ Вт \qquad (4.12)$$

Күннің сәулелері терезеден кірмейтін көлеңке периоды үшін (шашыраңқы радиация):

$$Q_{р\ .} = q_{вр}\ К_1^{Т}\ К_2\ ß_{с.з.}\ n\ H_0\ B_0,\ Вт \qquad (4.13)$$

мұнда $q_{вп}$; $q_{вр}$ – тура және шашыраңқы радиациядан келетін жылулық ағындар, $Вт/м^2$;

$F_o = n\ H_0\ B_0$ – жарықтық ойықтың ауданы, $м^2$ (n – терезелердің саны, биіктігі H_0 және ені B_0);

$К_1$ – қапсырмамен шынылаудың көлеңкелену коэффициенті ($К^{с}_1$ – сәулеленген ойықтар үшін; $К_1^{Т}$ – көлеңкедегі ойықтар үшін);

$К_2$ – шынылаудың ластану коэффициенті;

$ß_{с.з.}$ – жылу өткізу коэффициенті.

1) аудан орталығы бөлмесіндегі шынылаудың ауданы, 44^0 СШ [12, кесте 3] $F_0 = 2 \times 2 \times 2 = 8$ м^2;

2) шынылаудың бағыты: оңтүстік-шығыс (ОШ);

3) ішінде жарық перделері бар. $ß_{с.з.}$ = 0,4 [12, кесте 4] деп қабылдаймыз.

Түске дейін ОШ үшін, яғни сағат 9-дан 12-ге дейін 44^0 СШ ендікте тура радиацияның мәні (П) $q_{вп}$ = 387 Вт/м^2 және шашыраңқы радиацияның мәні (Р) $q_{вр}$ = 101 Вт/м^2 тең 44-68 ^{0}СШ ендік диапозонында металды қапсырмалы екі қабатты шынылау үшін: $К_1 = К_1^С = 0,72$, егер ойық күнмен сәулеленген болса, яғни 9-10 және 13-14 сағат аралығындағы период үшін. $К_1 = К_1^Т = 1,15$, 14-15 және 19-20 сағат аралығындағы период үшін . Әйнектің бірқалыпты ластануы коэффициенті $К_2 = 0,9$ қабылданады.

Тура сәулелену периодында 9 бен 14 сағат аралығында есептелу мына формула арқылы жүреді (4.12):

$Q_р = (387 + 101) \times 0,72 \times 0,9 \times 0,4 \times 8 = 1012$Вт,

ал көлеңкелену периодында 14 пен 20 сағат аралығында мына формуламен есептелінеді (4.13):

$Q_р = 22 \times 1,15 \times 0,9 \times 8 \times 0,4 = 73$ Вт.

Максималды есептелу уақыты: 9-10 сағат, жылу түсу 1012 Вт.

5.2.3 Адамдардан келетін жылу

Адамдардан түсетін жылу қоршаған ауа параметрлеріне және орындалатын жұмыс қарқынына байланысты. Адам бөлетін жылу ауаға конвекция арқылы сезілетін және өкпеден, теріден бөлінетін байқалмайтын жылудан тұрады. Адамдардың жылу таратуы 4.3– кестемен сипатталады:

4.3 к е с т е – Адамның сыртқы ортаға жылу таратуы, Вт

Сыртқы орта темпера-турасы ^{o}С	Отырғандағы жағдай			Тұрғанда немесе жеңіл қозғалыс			Ауыр жұмыс		
	Анық	Жасы рын	Жал-пы	Анық	Жасы рын	Жал-пы	Анық	Жасы рын	Жал -пы

4.2 кестенің жалғасы

24	67	35	102	72	60	132	95	154	249
20	82	21	103	92	42	133	140	110	250

4.4 – к е с т е – Адам бөлетін ылғал және көміртегі саны

Параметрлер	Бөлме ауасының температурасындағы мәндер ^{0}C				
	15	20	25	30	35
Ылғал г/сағ	40	40	50	75	115
Көміртегі қостотығы г/сағ	45	45	45	45	45

Бөлмеде 5 ер адам серверларды бақылап отырады. t = 24 ^{0}C температурада отырған күйде бір ер адам 67 Вт анық жылу, ал жалпы – 102 Вт жылу бөледі Әйел адам ересек ер адамның жылу бөлу нормасының 85 %-ын, ал кішкентай бала– 75 %-ын бөледі деп саналады. Бөлмедегі адамдардың бөлетін анық жылуы: $Q_a^а$ = 67 х 5 = 335 Вт. Ал жалпы жылу: $Q_a^ж$ = 102 х 5 =510Вт.

t = 20 ^{0}C температурада бір ер кісі 82 Вт анық жылу және 103 Вт жалпы жылу бөледі . Бөлмедегі адамдардың бөлетін анық жылуы: $Q_a^а$ = 82 х 5 = 410 Вт. Ал жалпы жылуы: $Q_a^ж$ = 103 х 5 х = 515 Вт.

t = 24 ^{0}C үшін ылғалдылық және көміртегі қышқылының мәндерін 9-кестеден [12] интерполяция жолымен табамыз: бір адамнан 50 г/сағ ылғалдылық, 45 г/сағ көміртегі қышқылы бөлінеді. Ал 5 адамның ылғалдылығы 5 х 50 = 250 г/сағ, көміртегі қышқылы мөлшері 5 х 45 = 225 г/сағ құрайды .

t = 20 ^{0}C үшін: 1 адамнан бөлінетін ылғалдылық – 40 г/сағ, көміртегі қышқылы – 45 г/сағ. 5 адамнан бөлінетін ылғалдылық: 5 х 40 = 200 г/сағ. 5 адамнан бөлінетін көміртегі қышқылы мөлшері: 5 х 45 = 225 г/сағ.

4.6 к е с т е – Бөлмедегі адамдардан бөлінетін зиянды заттардың есептелуінің нәтижелері

Жыл мезгілі	Температура ^{0}C	Жылу, Вт		Ылғалдылық,W г/сағ	CO_2 г/сағ
		$Q_a^а$	$Q_a^ж$		
Жылы	24	335	510	250	225

Салқын	20	410	515	200	225

4.2.4 Жарықтану аспаптарынан, оргтехникадан және құрылғылардан келетін жылу

Шамдардан келетін жылу мына формуламен есептеледі:

$$Q_{жар\text{-}у} = \eta N_{жар\text{-}у}, \text{ Вт} \qquad (4.14)$$

мұнда η - электр энергиясының жылулыққа ауысу коэффициенті. Люминесцентті шамдарды қолдану кезінде η = 0,5-0,6;

$N_{жар\text{-}у}$ – шамдардың орнатылған қуаты 65 Вт/м^2.

Әкімшілік бөлменің ауданы $F_{еден}$ = 6х 4 = 24 м^2.

$Q_{жар\text{-}у}$ = 0,6 х 65 х 24 = 936 Вт.

Оргтехниканың әсерінен пайда болатын жылу ағыны бір компьютерге орташа есеппен 300 Вт алады. Әкімшілік бөлмеде 5 Дербес компьютер болғандықтан:

$Q_{құр\text{-}ғы}$ = 5 х 300 = 1500 Вт.

Орындалған есептеулерден (4.10) формуласы бойынша әкімшілік бөлмесіне келетін жылу балансын құрамыз. Жылдың жылы мезгілінде: температура айырымы нәтижесінде келетін жылу $Q_{айыр}$ = 109 Вт; күн радиациясынан $Q_р$ = 1012Вт, Вт; адамдардан Q_a^a = 335 Вт; жарықтану аспаптарынан $Q_{жар\text{-}у}$ = 936 Вт; оргтехника мен құрылғылардан $Q_{құр\text{-}ғы}$ = 1500 Вт. Әкімшілік бөлменің жылулық балансы жазда:

$$Q_{жылу.б} = Q_{айыр} + Q_{сәу} + Q_{адам} + Q_{жар\text{-}у} + Q_{құр\text{-}ғы}, \text{ Вт} \qquad (10)$$

$Q_{жылу.б}$ = 109+1012+335+936+1500= 3892 Вт= 3,892кВт,

$Q_{жылу.б}$ = 5,143 х 3600 = 14011 кДж/сағ құрайды.

Жылдың салқын мезгілінде: температура айырымы нәтижесінде жоғалатын жылу $Q_{айыр}$ = -1360,8 Вт; күн радиациясынан келетін жылу $Q_р$ = 1012 Вт. Вт; адамдардан Q_a^a = 410 Вт; жарықтану аспаптарынан $Q_{жар\text{-}у}$ = 936 Вт; оргтехника және құрылғылардан $Q_{құр\text{-}ғы}$ = 1500 Вт. Әкімшілік бөлменің жылулық балансы қыста:

$Q_{жылу.б}$ = -1360,8 + 1012 + 410 + 936 +1500 = 2497Вт=2,497кВт

$Q_{жылу.б}$ = 2,497 х 3600 = 8989 кДж/сағ құрайды.

4.2.5Ауа алмасуды есептеу

$Q_{жылу.б}$ жазда > $Q_{жылу.б}$ қыста болғандықтан, $Q_{жылу.б}$ жазда мәнімен ауаның жылу кернеулігін мына формуламен есептейміз:

$$Q_н = \frac{Qжылу.б \cdot 860}{V_{помещ}} = \frac{3,892 \cdot 860}{6 \cdot 4 \cdot 3} = 46,5ккал/м^3 \quad (4.15)$$

$Q_{н.} > 20$ ккал/м^3 болғанда $\Delta t = 8^0 C$.

Бөлмеге қажет ауаның мөлшері жылулық баланстан алынып, мына формуламен анықталады:

$$L = \frac{Qжылу.б \cdot 860}{c \cdot \Delta t \cdot \gamma} = \frac{3,892 \cdot 860}{0,24 \cdot 8 \cdot 1,206} = 1445\ м^3/сағ \quad (4.16)$$

мұнда С = 0,24 ккал/кг^0C - ауаның жылу сыйымдылығы;

γ = 1,206 кг/м^3 - ағынды ауаның сыбағалы массасы.

Барлық артық жылулар 14011 кДж/сағ немесе 14011: 3600 = 3,9 кВт құрайды. Бөлмеге қажетті ауа мөлшері L = 1445 м^3/ч = 31,8 м^3/мин. Өз таңдауымызды SAMSUNG CS/CU 5800 сплит-жүйесі кондиционеріне тоқтатамыз.

Кондиционердің техникалық сипаттамалары:

- салқын 5,20 кВт; жылу 5,80 кВт;
- қорек кернеуі 220В,50 Гц;
- салқынның жұмсайтын қуаты, кВт 1,47;
- жылудың жұмсайтын қуаты, кВт 1,54;
- салқын/жылу жұмыс тогы, А 2,3 /3;
- EER, А 4,36;
- COP, А 4,41;
- жылдық ток пайдалануы 940 кВт*сағ
- шудың деңгейі, ішкі (жоғ/орт/төм), дБ(А) 44/37/34;
- шудың деңгейі, сыртқы, дБ(А) 47;
- габаритті өлшемдері, Ш/В/Г, Ішкі, мм 280*1050*240;
- габаритті өлшемдері, Ш/В/Г, сыртқы, мм 695*875*320;
- салмағы, кг 14.

5 Жобаның техника-экономикалық негізделуі

5.1 Жоба мақсаты

Берілген жобаның басты мақсаты корпоративті желіде жүретін ақпарат алмасуға сырттан рұқсатсыз қолжеткізуді, нақтырақ айтсақ желіге жасалатын шабуылдардың алдын алу, қауіптілікті анықтайтын механизмдерін жасап шығару және қауіптілікке әсер етуді анықтау, себептер мен шарттарын анықтау. Байланыс қосымшаларды тиімді орындауға жеткілікті дәрежеде жоғары жылдамдыққа ие болуы тиіс. Қосымшалар құрамында жаңа инновациондық қызметтер мен бизнесті жүргізудің жаңа тәсілдерін ұсынатын бағдарламалар да болуы тиіс.

Алыстатылған жұмыскерлер желі арқылы басқа қалада жүріп ақ жұмысын жалғастырып, істелген жұмыстары бойынша есеп бере алады.

5.2 Жоба туралы жалпы ақпарат

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару саласы жоғары қарқынмен дамуда. Сол себепті жылдан жылға мемлекеттік қызметкерлер саласындағы IT саласының рөлі артуда. Мемлекеттік қызметкерлердің мамандарының жаңа технологияларды игеруі және қолдануы қоғамға үлкен әсер тигізеді. Осы дипломдық жобада корпоративтік желіге басып кірудің бақылау жүйесін үйлестіру сұрақтарын қарастыру қажет.

Көбінесе, келесідей жұмыстарды жүргізу керек:

– корпоративтік желілердің қауіпсіздік қаупін анықтау жұмыстарын жүргізу;

– корпоративтік желілердің қауіпсіздік жүйесін талдау;

– желіаралық бейне беттің модулы Cisco Catalyst 6500 Series шабуылды анықтау жүйесін таңдауын түсіндіру;

– әсерлі бағыттаушымен қамтамасыз етудің, мәліметтер трафигінің қорғанысын, дауыстың, бейнебаян – модуль Cisco NME-RVPN, бағыттаушылар Cisco 2800 Series және 3800 Series Integrated Services Routers жүйесін таңдауын түсіндіру;

– қажетті құралдарды орналастыруды жоспарлау.

5.3 Құрылғылар мен программалық қаматама таңдаудың негізі

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы үшін сәйкестендірілген құрылғы тасмалдайтын дара мекеме. Ол бақылау рұқсатын, Mobile Device Management құрылғыларының желіге қосылуына мүмкіндік береді(MDM). Инновациалы тақташалар қатарына Cisco Identity Services Engine (ISE) құрылғысы да жатады.Ғаламтор желісі телефон желісі мен байланыс туралы ойымызды түбегейлі өзгертті. Телефон желілері мен мәліметтер жіберу желісінің пайда болғанына он жыл болғанына қарамастан, бір-біріне тәуелсіз ретте дамыған.

5.4 Қаржылық жоспар

5.4.1 Капиталдық салымдарды есептеу

Желі құру үшін жұмсалатын шығын негізгі жабдықты сатып алу мен (көлік шығыны негізгі жабдық құрамына кіреді) жобалау шығындарынан тұрады және келесі өрнекпен есептеледі:

$$К_{\sum} = К_{ж} + К_{жш} \quad + К_{кш} \qquad (5.1)$$

мұндағы $К_{ж}$ – негізгі жабдықтарды сатып алу шығыны;

$К_{жш}$ – жобалау шығыны;

$К_{кш}$ – көлік шығыны.

Негізгі қажетті жабдықтар тізімі мен олардың құны 5.1-кестеде келтірілген. [16].

5.1-кесте – Жобаны жүзеге асыру үшін алынатын негізгі жабдыққа жұмсалатын шығын

№	Жабдықтардың аталуы	Саны	Құны (ҚҚС-мен), тг	Құны (ҚҚС-сыз), тг	Қосынды, (ҚҚС-сыз), тг
1	Контроллер Cisco 4402	3	350000	308000	924000
2	Платформа Cisco ISE	3	261750	230340	691020
3	Коммутатор Cisco Catalyst 6500 Series	3	156940	140125	420375
4	Маршрутизатор Cisco 2800 және Series 3800	3	399616	356800	1070400

5	Желілік экран Cisco ASA5505-50-BUN-K8	3	77550	68245	204735

5.1 кестенің жалғасы

6	IP ТЕЛЕФОН GXV3175.	3	105280	94000	282000
7	Intel Core i7-3770K	3	125440	112000	336000
Қорытынды					3928530

5.4.2 Желіні жобалауға жұмсалатын шығындарды есептеу

Желіні жобалау шығындары келесі құрамалардан тұрады:

– қызметкерлердің еңбекақысы;
– әлеуметтік салық;
– өндірістік қажеттіліктер үшін жұмсалатын электр энергиясы;
– амортизациялық аударылымдар;
– жылдық шығын сомасы өндірістің өзіндік құнын құрайды немесе жылдық пайдалану шығынының мөлшерін анықтайды.

Желіні жобалау шығындары келесі өрнекпен есептеледі:

$$К_{жш} = ЖТФ + С_С + А_О + Э + Н \quad (5.2)$$

мұндағы *ЖТФ* – жалақы төлеу фонды;

$О_с$ - әлеуметтік салық;

А - амортизациялық аударма;

Э - электр энергиясына кететін шығын;

Н - үстеме шығыны.

Еңбекақы қоры негізгі және қосымша еңбақыдан құралады және келесі өрнекпен есептеледі:

$$ЖТФ = Ж_{нег} + Ж_{кос} \quad (5.3)$$

мұндағы $Ж_{нег}$– негізгі еңбекақы,

$Ж_{кос}$– қосымша еңбекақы.

Негізгі еңбекақы барлық қызметкерлердің еңбекақысының қосындысы ретінде есептеледі:

$$Ж_{негг} = \sum_{i=1}^{n} Ж_i \cdot T_i \quad (5.4)$$

мұндағы $Ж_i$ – і-ші қызметкердің бір күндік еңбекақысы, теңге;

T_i - і-ші қызметкердің уақыт шығыны, күн.

Қосымша еңбекақы негізгі еңбекақының 10% -ын құрайды:

$$Ж_{кос} = 0.1 * Ж_{нег} \quad (5.5)$$

Берілген жобаның штатында 4 қызметкер бар. Қызметкерлердің еңбекақысы 5.2-кестеде келтірілген.

5.2 – к е с т е – Жобаға қатысушы қызметкерлердің еңбекақысы туралы мәліметтер

Орындаушы	Айлық еңбекақы, теңге
Жоба жетекшісі	150 000
Құрушы инженер	130 000
«Экономика» бөлімі бойынша кеңес беруші	130 000
«ТҚ» бөлімі бойынша кеңес беруші	100 000
Қорытынды	**510 000**

Бір адамның бір күндік еңбекақысын есептеу үшін кестеде келтірілген айлық жалақыны орташа жұмыс күніне (24) бөлеміз:

$$T = \frac{Ж_a}{Жк} \quad (5.6)$$

мұндағы $Ж_a$ – бір айлық еңбекақы мөлшері; [16].

Жк – ай ішіндегі жұмыс күндерінің саны (24 күн – алтыкүндік жұмыс аптасы).

Жоба жетекшісі үшін:

$$T = \frac{150000}{24} = 6250 тг/күн;$$

Құрушы инженер үшін:

$$T = \frac{130000}{24} = 5416{,}66\ тг/күн;$$

«Экономика» бөлімі бойынша кеңес беруші үшін:

$$T = \frac{130000}{24} = 5416{,}66\ тг/күн;$$

ТҚ бөлімі бойынша кеңес беруші үшін:

$$T = \frac{100000}{24} = 4166{,}66\ тг/күн;$$

Әр жұмыс түріне байланысты күн есебінде циклдің ұзақтығын, іріленген түрінде төменгі өрнек бойынша табуға болады:

$$t_n = \frac{T}{q_n \cdot z \cdot K} \qquad (5.7)$$

мұндағы Т – кезеңнің еңбек сыйымдылығы, норма – сағат;

q_n – кезеңдегі орындаушылар саны;

z – жұмыс күнінің ұзақтығы, сағат, z = 7 сағат;

К – уақыт нормасының орындалу коэффициенті, К = 1.1.

Алынған t_n шамасын бүтін санға жуықтаймыз.

Жоба жетекшісі, тапсырманың қойылуы:

$$t_1 = \frac{21}{1 \cdot 7 \cdot 1{,}1} \approx 3 \text{ күн};$$

Құрушы инженер, бастапқы мәліметтерді жинау:

$t_2 = \frac{35}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 5$ күн;

Жоба жетекшісі, құрылатын желінің сапалылығы мен тиімділігі деңгейлерін таңдау және негіздеу:

$t_3 = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2$ күн;

Құрушы инженер, енгізу стратегияларын қарастыру:

$t_4 = \frac{7}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 1$ күн ;

Құрушы инженер, жабдықты таңдау:

$t_5 = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2$ күн ;

Құрушы инженер, жабдықты сатып алу:

$t_6 = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2$ күн ;

Құрушы инженер, қолданылатын платформамен құрылғылардың бірігуі:

$t_7 = \frac{21}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 3$ күн ;

Құрушы инженер, аутентификация мен авторизация ережелерін баптау:

$t_8 = \frac{21}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 3$ күн ;

Құрушы инженер, құрылғыларды қосу:

$t_9 = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2$ күн ;

Құрушы инженер, сертификаттарды жүктеу:

$t_{10} = \frac{7}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 1$ күн ;

Құрушы инженер, бағдарламаларды таңдау:

$$t_{11} = \frac{7}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 1 \text{ күн ;}$$

Жоба жетекшісі, бақылау:

$$t_{12} = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2 \text{ күн ;}$$

«Экономика» бөлімі бойынша кеңес беруші, «Экономика» бөлімін дайындау:

$$t_{13} = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2 \text{ күн ;}$$

«ТҚ» бөлімі бойынша кеңес беруші, «ТҚ» бөлімін дайындау:

$$t_{14} = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2 \text{ күн ;}$$

Жоба жетекшісі, ҒЗЖ дайындау:

$$t_{15} = \frac{7}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 1 \text{ күн ;}$$

Жоба жетекшісі, есеп беруді тапсыру:

$$t_{16} = \frac{14}{1 \cdot 7 \cdot 1,1} \approx 2 \text{ күн ;}$$

t_n = 3+ 5 + 2 + 1 + 2 + 2 + 3 + 3 + 2 + 1 + 1 + 2 + 2 + 2 + 1 + 2 = 34 күн

Осылайша, ҒЗЖ барлық жұмыстарын орындауға 34 күн қажет.

ЛСБЖ жобалаудың сатылары мен қатысушылары 5.3-кестеде көрсетілген.

5.3-к е с т е – Жобаның орындалу сатылары мен мерзімі, қатысушылары

Жұмыс сатылары	Жұмыстың құрамы	Жұмыстың ұзақтығы және жоба қатысушылары	
		Қызметі	Күндер
Желіні құрудың қажеттілігін негіздеу	Тапсырманың қойылуы	Жоба жетекшісі	3
	Бастапқы мәліметтерді жинау	Құрушы инженер	5
	Құрылатын желінің сапалылығы мен тиімділігі деңгейлерін таңдау және негіздеу	Жоба жетекшісі	2
	Telepresence енгізудің стратегияларын қарастыру	Құрушы инженер	1
Жабдықты таңдау және сатып алу	Жабдықты таңдау	Құрушы инженер	2
	Жабдықты сатып алу	Жоба жетекшісі	2

5.3 кестенің

жалғасы

Жабдықты баптау және саясат құру	Жабдықты платформамен қосу	Құрушы инженер	3
	Аутентификация мен авторизация ережелерін баптау	Құрушы инженер	3
	Құрылғыларды қосу	Құрушы инженер	2
	Сертификаттарды жүктеу	Құрушы инженер	1
	Бағдарламаларды таңдау	Жоба жетекшісі	1
Есеп берулерді дайындау	Бақылау жасау	Құрушы инженер	2
	«Экономика» бөлімін дайындау	«Экономика» бөлімі бойынша кеңес беруші	2
	«ТҚ» бөлімін дайындау	«ӨТҚ» бөлімі бойынша кеңес беруші	2
	ҒЗЖ дайындау	Жоба жетекшісі	1
	Есеп беруді тапсыру	Жоба жетекшісі	2

Желіні құру жобасына қатысушы қызметкерлердің негізгі еңбекақысын есептеудің мәліметтері 5.4-кестеде келтірілген.

5.4-к е с т е – Еңбек шығындары

Орындаушы	Бір күндік еңбекақы, теңге	Күн саны	Қосынды, теңге
Жоба жетекшісі	6250	11	68750
Құрушы инженер	5416,16	19	102907
«Экономика» бөлімі бойынша кеңес беруші	5416,16	2	10832
«ТҚ» бөлімі бойынша кеңес беруші	4166,66	2	8332
Қорытынды		34	190821

Қосымша еңбекақы негізгі еңбекақының 10%-ын құрайды және 5.5-өрнекке сәйкес:

$Ж_{қос}$ = 0,1·190821=19082,1 тенге құрайды.

Еңбекақы қорының қосындысы (ЖТФ):

ЖТФ = 190821+ 19082,1 = 209903,1 тенге

5.4.3 Әлеуметтік аударылымдарды есептеу

Әлеуметтік салық шығындары ҚР СК 358-бап 1-б. сәйкес аударылған пайда мөлшерінің 11%-ын құрайды және келесі өрнекпен есептеледі:

$$О_с = 0.11 \cdot (\text{ЖТФ} - \text{ЗҚ}) \quad (5.8)$$

мұндағы ЗҚ – зейнетақы қорына аударылымдар.

Зейнетақы қорына аударылымдар мөлшерінің 10%-ын құрайды, ҚР СК сәйкес әлеуметтік салық салынбайды және келесі өрнекпен есептеледі:

$$\text{ЗҚ} = 0.1 \cdot \text{ЖТФ} \quad (5.9)$$

Зейнетақы қорына аударылымдар:

ЗҚ = 0,1·209903,1 =20990,31 тенге

Сонда, әлеуметтік қажеттіліктерге аударылымдар:

$О_с$ = 0,11·(209903,1 – 20990,31) = 20780,4 тенге құрайды

5.4.4 Электр энергиясын жұмсалатын шығындарды есептеу

Электр энергиясы шығындары жабдыққа жұмсалатын электр энергиясы шығындары мен қосымша қажеттіліктерге жұмсалатын шығындардан құралады. Жабдықтың үздіксіз жұмыс істеу қажеттілігін ескере отырып, шығын қосындысы келесі өрнекпен есептеледі:

$$Э = Ш_{эл.эн.} + Ш_{қос.қаж} \quad (5.10)$$

мұндағы $Ш_{эл.эн.}$ – жабдыққа жұмсалатын электр энергиясы шығындары;

$Ш_{қос.қаж.}$- қосымша қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар (жабдыққа жұмсалатын электр энергиясы шығындарының 5%-ын құрайды).

Жабдыққа жұмсалатын электр энергиясы шығындары келесі өрнекпен есептеледі:

$$З_{эл.эн} = W \cdot T \cdot S \qquad (5.11)$$

мұндағы W – пайдаланылатын қуат, 2 кВт;

T – жұмыс уақыты, T = 238 с;

S – тариф, 1 кВтч = 12,5 теңге (ҚҚС-сыз);

$З_{эл.эн} = 2 \cdot 238 \cdot 12,5 = 5950$ теңге;

$З_{доп.нуж.} = 0,05 \cdot 5950 = 297,5$ теңге.

Электр энергиясы шығындары 5.10 өрнекке сәйкес:

Э = 5950+ 297,5 = 6247 теңге құрайды.

5.4.5 Амортизациялық аударылымдарды есептеу

Қазіргі таңда компьютерлік жабдыққа амортизация нормасы ($Н_А$) барлық жабдық құнының 40% құрайды және келесі өрнекпен есептеледі:

$$A_0 = \frac{H_A \cdot K_0 \cdot N}{100\% \cdot 12 \cdot n} \qquad (5.12)$$

мұндағы $К_0$ – жабдық құны;

N – жұмысты орындауға кететін күн саны

n – ай ішіндегі күн саны.

$$A_0 = \frac{40 \cdot 3928530 \cdot 34}{100 \cdot 12 \cdot 24} = 185514 тенге.$$

5.4.6 Үстеме шығындарды есептеу

Үстеме шығындар еңбекақы қоры шығындарының 25%-ын құрайды және келесі өрнекпен есептеледі:

$$Н=0,25 \cdot ЖТФ, \quad (5.13)$$

$Н = 0,25 \cdot 209903,1 = 52476$ тенге.

Осылайша, желіні жобалауға жұмсалатын капиталдық салымдарды 5.2-өрнекке сәйкес есептейміз:

$К_{жш}$= 209903,1 +20780,4 + 185514 + 6247,5 + 52476 = 474921 тенге

Желіні жобалауға жұмсалған шығындардың нәтижелері 5.7-кестеде келтірілген.

5.7-к е с т е – IP телефонияны қолдана отырып желіні жобалауға жұмсалатын капиталдық салымдар

Көрсеткіш	Сомасы, теңге	Пайыздық бөлігі %
ЖТФ, теңге	209903,1	44,19
Әлеуметтік қажеттіліктерге аударылымдар, теңге	20780,4	4,3
Амортизациялық аударылымдар, теңге	185514	39,06
Электр энергиясы шығындары,	6247,5	1,3

теңге		
Үстеме шығындар, теңге	52476	11,04
Қорытынды	474921	100

Капиталды салымдардың есептеу 5.1 формулаға сәйкес:

∑К = 3928530+ 474921 = 4 403 451 теңге.

5.4.7 Жобаның экономикалық тиімділігін анықтау

Аудандық әкімшілік үшін IP телефония қолдану арқылы компьютерлік желісін құру әлеуметтік маңызды жобалар қатарына жатады.

Telepresence технологиясын ендірудің әлеуметтік эффектісі:

– аудан орталығындағы жұмыскерлердің еңбекті ұйымдастыруын жоғарлату;
– қазіргі басқару шешімдерін шешу үшін мәліметтерді қабылдау сапасын жоғарлату;
– төтенше жағдайлар кезінде жедел байланыс орнату;
– қашықтан оқыту әдісін пайдалана отырып кадрларды дайындауға және қайта дайындауға кететін шығынды азайту.

5.4.8 «Бизнес жоспар» бөлімі бойынша қорытынды

Жобаны жүзеге асыруға қажетті капиталдық салымдар - 4 403 451 теңгені құрады, соның ішінде жабдыққа жұмсалатын шығын – 3928530 теңге, желіні жобалауға жұмсалатын шығын – 474921теңге.

Қазіргі таңда интернет желісі қарқынды дамуда. Соның әсерінен жаңа технология мен мемелекеттік басқару саласы тығыз байланыста бола отырып, мемлекеттік басқару саласы заманға сай жабдықтандыру мен ақпараттарды орталықтандырылған желіге біріктіру мәселесі өзекті болып отыр.

Берілген дипломдық жұмыста «Қазақтелеком» АҚ Мәліметтік Жүйелер Дирекциясының корпоративтік торын басып алуларды бақылау жүйесін ұйымдастыру іске асырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Берілген дипломдық жұмыста «Қазақтелеком» АҚ Мәліметтік Жүйелер Дирекциясының корпоративтік торын басып алуларды бақылау жүйесін ұйымдастыру іске асырылды. Корпоративтік тордың мәліметтік қауіпсіздігінің келесідей сұрақтары қарастырған:

– корпоративтік компьютерлік торда қорғаныс жүйелерін пайдалану қажеттілігін негіздеу;

– техникалық шешімді таңдауды негіздеу, оның ішінде CiscoCatalyst 6500 Series үшін тор аралық экранның модулін шабуылдарды анықтау жүйесін таңдаудың негіздеу;

– маршрутизация тиімділігін, мәліметтер трафигын, дыбыстық, бейне қорғауды қамтамасыз ететін жүйені таңдау, CiscoNME-RVPN модулі Cisco 2800 және Series 3800 үшін маршрутизаторлар жанұясы SeriesIntegratedServicesRouters;

– қажетті жабдықты орналастыру жоспарын жасау мәселесі қарастырылған;

– шабуылдарды анықтау жүйелерінің политикасын реттеу.

Бұл жобаны жасау барсында басып алуларды бақылауға кететін шығындардың тиімділігі ҚР-ғы экономикалық жағдай мен еңбекті қорғау нормативті құжаттарын ескере отырып есептелінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лукацкий А. Обнаружение Атак. – СПб.: БХВ – Санкт - Петербург, 2003.

2. 2005 CSI/FBI Computer Crime and Security Survey. Spring 2005. Computer Security Institute. Federal Bureau Investigation’s ComputerIntrusion Squad.

3. Курушин В. Д., Минаев В. А. Компьютерные преступления и информационная безопасность. Справочник. М.: Новый Юрист, 1998.

4. Лукацкий А. В. Анатомия распределенной атаки. PCWeek/RE, № 5, 2000.

5. Концепция информационной безопасности корпоративной сети Акционерного общества «Казахтелеком». Проект, 2006.

6. Олифер В., Олифер Н. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы. – СПб: Издательский дом «Питер», 2005. – 864 с.

7. Беклешев В.К. Технико-экономическое обоснование дипломного проекта. – Москва, 1991. – 202 с.

8. Алибаева С.А. Дипломное проектирование. Методические указания. – Алма-Ата, 2001. – 20 с.

9. Методические указания к выполнению раздела «Охрана труда и окружающей среды в дипломном проекте», Алма-Ата: АЭИ, 1984. – 42с.

10. Кошулько Л.П., Суляева Н.Г. Производственное освещение. Методические указания к выполнению раздела «Охрана труда» в дипломном проекте. – Алма-Ата, 1989. – 40 с.

11. ГОСТ 12.1.004-91 Пожарная безопасность. Общие требования. – Москва: Издательство стандартов, 1992. – 264 с.